

"Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың 2007-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1306 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың 2007-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і н*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың 2007-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес, еліміздің халқын, объектілері мен аумағын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан, қазіргі заманғы зақымдау құралдары мен террористік актілердің салдарынан қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН** :

1. Қоса беріліп отырған Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың 2007-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі екі ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін, сондай-ақ осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат берсін.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне **ж ү к т е л с і н .**

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2006 жылғы "___" _____

N _____ Жарлығымен

бекітілген

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың 2007-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты
2. Кіріспе
3. Төтенше жағдайлардан халықты және аумақты қорғаудың қазіргі заманғы жай-күйін, елдің азаматтық қорғаныс жүйесінің әзірлігін талдау
 - 3.1. Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік басқару жүйесі
 - 3.2. Елдің азаматтық қорғаныс жүйесі
 - 3.3. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан республиканың халқы мен аумағын қорғаудың жай-күйі
 - 3.4. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан елдің халқы мен аумағын қорғаудың жай-күйі
 - 3.5. Террорға қарсы операцияларды авариялық-құтқарумен қамтамасыз етудің жүйесі
 - 3.6. Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың мемлекеттік жүйесінің жеделдену қабілеттері
 - 3.7. Мемлекеттік материалдық резервтің жай-күйі
 - 3.8. Төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы бақылау және рұқсат беру жүйесі
 - 3.9. Табиғи және техногендік төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы сақтандыру
 - 3.10. Апаттық медицина
 - 3.11. Халықты оқыту және кадрларды даярлау
 - 3.12. Төтенше жағдайлар саласындағы ғылыми зерттеулер мен мониторинг

- 3.13. Ақпараттандыру, байланыс, хабардар ету
- 3.14. Халықаралық ынтымақтастық
- 3.15. Төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы нормативтік құқықтық база
- 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
- 5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері
- 5.1. Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру
- 5.2. Елдің азаматтық қорғаныс жүйесін реформалау
- 5.3. Қазақстан Республикасының халқы мен аумағын табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау
- 5.4. Халықты және аумақты техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау
- 5.5. Террористік актілердің салдарынан халықты қорғау
- 5.6. Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың мемлекеттік жүйесінің жедел күштерін құру, жарақтандыру және дайындау
- 5.7. Мемлекеттік материалдық резерв жүйелерін жетілдіру
- 5.8. Төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы бақылау және рұқсат беру жүйесі
- 5.9. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан сақтандыру
- 5.10. Апаттық медицинаны дамыту
- 5.11. Халықты оқыту және кадрлар даярлау
- 5.12. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы мониторинг, ғылым мен жаңа технологияларды дамыту
- 5.13. Ақпараттандыру, байланыс, хабардар ету
- 5.14. Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы халықаралық ынтымақтастық және халықаралық қызмет
- 5.15. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру
- 6. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері
- 7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер мен көрсеткіштер

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның
атауы

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен
оларды жоюдың 2007-2015 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі -
Бағдарлама)

Бағдарламаны
әзірлеу үшін
негіздеме

"Республика аумағында төтенше оқиғалардың
алдын алу шаралар туралы"
Қазақстан Республикасы

451 өкімі

Әзірлеуші

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар
министрлігі (бұдан әрі - Министрлік)

Мақсаты

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше
жағдайлардан (бұдан әрі - ТЖ), қазіргі
заманғы зақымдау құралдары мен террористік
актілер салдарынан Қазақстан
Республикасының халқын, объектілері мен
қоршаған ортаны қорғау жүйесін одан әрі
жетілдіру және оның тиімділігін арттыру,
олардың алдын алу және оларды жою үшін

күштер мен құралдарды дамыту

Міндеттері

ТЖ алдын алу және оларды жою саласындағы
мемлекеттік басқару жүйесін, осы саладағы
нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
елдің азаматтық қорғаныс (бұдан әрі - АҚ)
жүйесін реформалау;

дүлей зілзалалардың, авариялардың және
апаттардың алдын алу жөніндегі шаралардың
тиімділігін арттыру, ТЖ саласындағы бақылау
және рұқсат беру жүйесін жетілдіру, табиғи
және техногендік қауіптерден сақтандыруды
д а м ы т у ;

ТЖ-ға жедел ден қою күштерінің,
терроризмге қарсы іс-қимылдың тиімділігін
арттыру, апаттық медицинаны нығайту;
ТЖ саласында мониторинг, болжау және
ғылыми-зерттеулер жүйесін құру, ТЖ және АҚ
аппараттық-коммуникациялық жүйесін дамыту;
мемлекеттік материалдық резерв жүйесін
ж е т і л д і р у ;

халықты оқытудың, ТЖ және АҚ саласындағы
мамандарды даярлау мен олардың
біліктілігін арттырудың тиімді жүйесін
қ а л ы п т а с т ы р у ;

дүлей зілзалалардың, авариялар мен
апаттардың алдын алу және оларды жою,
азаматтық қорғаныс пен терроризмге қарсы

Іске асыру мерзімі	күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту.			
	2007 - 2015 жылдар			
	бірінші кезең: 2007 - 2009 жылдар			
	екінші кезең: 2010 - 2012 жылдар			
Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері	үшінші кезең: 2013 - 2015 жылдар			
	2007-2015 жылдарға арналған			
	Бағдарламаны іске асыру осы мақсаттарға арналып жыл сайын бөлінетін қаражат шегінде республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерден жүзеге асырылатын болады.			
	Бірінші кезең ішінде мемлекеттік бюджеттен Бағдарламаның іс-шараларын іске асыруға жұмсалатын жалпы шығын 21 852,70 млн. теңгені құрайды, оның ішінде:			
	Жылдар бойынша	Барлығы	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет
	2007 жылы	5 561,70	5 561,70	-
	2008 жылы	7 593,40	7 593,40	-
	2009 жылы	8 697,60	8 697,60	-
	Қаржы қаражатының көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде жыл сайын нақтыланатын болады.			
	2010-2015 жылдарға арналған қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері			
Күтілетін нәтижелер	Бағдарламаны іске асырудың 2 және 3 кезеңдері үшін орта мерзімді (үш жылдық) іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту кезінде айқындалатын болады.			
	Осы Бағдарламаны іске асыру: ТЖ және АҚ саласындағы басқарудың мемлекеттік жүйесі болып өткен әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, жаңа қауіптер мен қыр көрсетулерге, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның қазіргі заманғы геосаяси			

жағдайына сәйкес келтіруге;
Қазақстан Республикасы төтенше
жағдайлардың алдын алу және оларды жою
мемлекеттік жүйесінің (бұдан әрі - ТЖМЖ)
басқару органдарының, авариялық-құтқару
күштері мен құралдарының мүмкіндігін,
жедел дайындығын және олардың ТЖ-ға ден
қою тиімділігін арттыруға, апат
медицинасын нығайтуға;
халықты, объектілерді және аумақты қорғау
жөніндегі шаралар тиімділігін арттыруға,
авариялардан, апаттардан, дүлей
зілзалалардан және әлемдік қоғамдастыққа
жаңа қыр көрсетулерден болған қатерлер мен
залалды азайтуға;
ТЖ мен АҚ үшін байланыс және ақпараттандыру
жүйесін жетілдіруге, республика халқының
кемінде 95%-ын хабардар етуге мүмкіндік
жасауға;
ТЖ саласында мониторинг, болжау және ғылыми
зерттеулер жүйесін құруға;
нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге,
ТЖ және АҚ саласындағы бақылау және рұқсат
беру функцияларын ретке келтіруге;
мемлекеттік материалдық резерв жүйесі
жұмысының тиімділігін арттыруға;
халықты оқытудың бірыңғай жүйесін құруға,
ТЖ және АҚ саласындағы мамандарды даярлау
мен олардың біліктілігін арттыруға;
авариялардың, апаттардың және дүлей
зілзалалардың алдын алу мен оларды жою,
азаматтық қорғаныс және терроризмге қарсы
күрес саласындағы халықаралық
ынтымақтастықты кеңейтуге және нығайтуға;
ТЖ-дан жыл сайын күтілетін материалдық
залалды 2%-ға, зардап шегушілер мен қайтыс
болғандар санын 2%-ға азайтуға,
құтқарылғандар санын 3%-ға көбейтуге
мүмкіндік береді. Түпкі нәтижесінде

Бағдарламаны іске асыру: ТЖ-дан күтілетін материалдық залалды 18-20%-ға, зардап шеккендер мен қайтыс болған адамдар санын 15-17%-ға азайтуға, құтқарылғандар санын 20-25%-ға арттыруға;

"Тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің негіздері" курсының бағдарламалары бойынша және "Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі" пәні бойынша оқыту жүйесімен жалпы білім беретін мектептердің, бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарының оқушылары мен жоғарғы оқу орындары студенттерінің кемінде 90%-ын қамтылуын қамтамасыз етуге; су тасқынының, сырғыманың, селдің және қар көшкінінің туындауы бойынша қауіпті ошақтар мен учаскелердің кемінде 95%-ының мониторинг жүйесімен қамтылуын қамтамасыз етуге;

3 мыңнан астам елді мекенді өрттен қорғауды қамтамасыз ететін 523 өртке қарсы тірек пунктін құруға мүмкіндік береді.

2. Кіріспе

ТЖМЖ жұмыс істеген он жылдан астам кезең ішінде елде түбірлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер болды.

Мәселен, мемлекеттік басқару жүйесінің терең реформасын жүргізу барысында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар агенттігі мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер агенттігінің таратылған базасында қызметінің басты басымдығы ТЖ және АҚ саласындағы стратегиялық функцияларды орындау болып айқындалған Министрлік құрылды.

Экономикалық дамудың рыноктық моделіне көшу жағдайында мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттілікті қайта бөлу процестерінің тереңдеуі көрінісінде елдің АҚ, мемлекеттік материалдық резерв жүйелерінің уақыт талаптарына сәйкес келмейтіні айқындала түсуде.

Халықаралық терроризм тарапынан жаңа қауіптер мен қыр көрсетулердің пайда болуы ТЖМЖ республикадағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі мен орнын қайта ой елегінен өткізуді талап етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының халқын, объектілерін және аумағын

ТЖ-дан қорғау, сондай-ақ елдің АҚ саласында 2004-2010 жылдарға арналған ТЖМЖ дамытудың салалық бағдарламасы іске асырылуда. Алайда бұл салалық Бағдарлама осы саладағы бар проблемалардың бүкіл спектрін қамтымайды.

Осыған байланысты, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2004 жылғы 1 желтоқсандағы тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі 2005 жылғы 23 қарашадағы N 1154 қаулысымен ТЖ және АҚ саласындағы қызметті одан әрі дамыту, материалдық және жұмылдыру резервтерінің жұмыс істеуі, осы салаларда басқарудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру бойынша негізгі идеялар мен ойлар баяндалған Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою және осы саладағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру тұжырымдамасын (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлдады.

Жоғарыда аталған Тұжырымдаманың ережелерін іс жүзінде орындау және іске асыру үшін бар проблемаларды кешенді шешудің нақты іс-шаралары мен тетіктері қамтылған Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың 2007-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді.

Аталған Бағдарлама "Республика аумағында төтенше оқиғалардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы N 451 өкімін орындау үшін және "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі N 19 Заңын іске асыру мақсатында әзірленді.

Онда қалыптасқан жағдайдың талдамасы жазылған, мақсаты және негізгі міндеттері айқындалған, мынадай жолдары мен тетіктері белгіленген: ТЖ алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру; ТЖ-ға және терроризм көріністеріне шұғыл ден қоюға күштердің тиімділігін арттыру; ТЖ алдын алу мен оларды жою жөніндегі қызметті қамтамасыз етудің ақпараттық-коммуникациялық жүйесін дамыту; елдің АҚ жүйесін реформалау; авариялардың, апаттардың және дүлей зілзалалардың алдын алу жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру; мемлекеттік материалдық резерв жүйесін жетілдіру; халықты оқытудың, ТЖ және АҚ саласындағы мамандарды даярлау мен біліктілігін арттырудың тиімді жүйесін қалыптастыру; мониторингті және ғылыми зерттеулерді жетілдіру, осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

3. ТЖ-дан халықты және аумақты қорғаудың қазіргі заманғы жай-күйін, елдің АҚ жүйесінің әзірлігін талдау

Әлемде соңғы 40 жылда табиғи апаттан болған залал 9 есе, ал олардың жиілігі 5 есе өсті, бұл ретте дүлей зілзалалардан экономикалық залал өсімінің қарқыны өнеркәсіптік өндіріс көлемінің өсім қарқынын басып озады. Мәселен, 2005 жылы табиғи апат қана 92 мың адамның өмірін қиды, олардың әсерінен 157 миллион адам зардап шекті. Дүлей

зілзалалар келтірген залал 159 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл 2004 жылмен салыстырғанда 1,5 есе артық. Соңғы жылдары болған апаттарға бір уақытта қайтыс болған адамдардың санының көптігі тән (Оңтүстік-Шығыс Азиядағы 2004 жылғы цунами және 2005 жылғы Пәкістандағы жер сілкінісі).

Осыған байланысты, Біріккен Ұлттар Ұйымының, басқа да халықаралық ұйымдардың шешімдерінде зілзалаға қарсы күреске үкімет, азаматтық қоғам, халықаралық ұйымдар, ғылыми қоғамдастықтар, қаржы институттары, жеке сектор мен еріктілер қосылуы тиіс екені атап көрсетіледі.

Түрлі елдерде бейбіт азаматтық халықты жаппай зақымдайтын террористік актілер жиілеп кетті. Экстремистер қоғамдық орындардағы жарылыстарымен шектелмей, ядролық, химиялық және бактериологиялық қаруды дайындаудың технологияларын не дайын үлгілерін иеленуге бар күшін салуда. Бұл тұрғыда бейбіт халыққа қарсы сібір жарасы ұрығын, улайтын заттарды және жаппай зақымдау қаруының басқа түрлерін қолдану әрекеттері сипатты болып табылады.

Қазақстан ТЖ туындауының жалпы әлемдік заңдылығынан және олардың әлеуметтік сала мен қоршаған ортаға келеңсіз әсерінен тыс болып табылмайды. Республика аумағының түрлі табиғи, тау-кен-геологиялық және геодинамикалық жағдайлары оның табиғи сипаттарға - жер сілкінісіне, су тасқынына, селге, сырғымаға, қар көшкініне, дауылға, орман және дала өрттеріне, температураның күрт төмендеуі мен қарлы боранға, эпидемиялар мен індеттерге айтарлықтай бейімділігін айқындайды.

Негізгі өндірістік қорлардың, ғимараттар мен құрылыстардың, жұмыс істеп тұрған инфрақұрылым элементтерінің тозуына, көліктік кешендегі проблемаларға байланысты Қазақстанда техногендік сипаттағы ТЖ-дан келетін залалдың өсуінің тұрақты үрдісі б а й қ а л а д ы .

Халықты, экономикалық әлеует пен қоршаған ортаны табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-дан тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында республикада Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1383 қаулысымен бекітілген Төтенше жағдайлардың алдын алудың және оларды жоюдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жүзеге а с ы р ы л у д а .

Осы бағдарламада көзделген іс-шараларды орындау белгілі бір дәрежеде ТЖ саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізудің және халықты, объектілер мен аумақтарды дүлей зілзалалардан, авариялардан және апаттардан қорғаудың тиімділігін арттыруға; су тасқынына, сырғымаға, селге және қар көшкініне бейім аумақтарда шаруашылық қызметті ұтымды жоспарлау мақсатында олардың неғұрлым қауіпті ошақтарын анықтауға; ТЖМЖ басқару органдарының, авариялық-құтқару күштері мен құралдарының жедел дайындығын арттыруға; зардап шеккен халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету бойынша материалдық-техникалық резервтер қорын

жасау жөніндегі шараларды қабылдауға; қарастырылатын салада бақылау функцияларын реттеуге; өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, мұнай операцияларын қауіпсіз жүргізуді бақылауды күшейтуге; ТЖ-ның алдын алудың, Қазақстан Республикасының халқы мен мемлекеттік басқару органдарын хабардар етудің корпоративтік ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін жаңарту бойынша іс-шараларды жоспарлауға мүмкіндік берді.

Жоғарыда көрсетілген іс-шаралар кешенін жүргізудің нәтижесінде 2006 жылдың 1 жарты жылдығында 2005 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда ТЖ-дан зардап шеккендердің саны 10,8%-ға, оның ішінде табиғи сипаттағыларынан 2,6%-ға кеміді. Бұл ретте табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-дан болған материалдық шығын 2 еседен астам - 7,3 млрд. теңгенің орнына 3,5 млрд. теңгеге кеміді. Қабылданған ескертпелі шаралар көрсетілген кезеңде республиканың қауіпті өндірістерінде өлімге әкеп соғатын жарақат алудың деңгейін 36%-ға, ауыр салдары бар жарақат алуды 9%-ға кемітуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, топтық жазатайым оқиғалардың саны 66%-ға, зардап шеккендердің саны 75%-ға азайды.

Соған қарамастан, жыл сайын республикадағы ТЖ-дан тікелей залал орта есеппен 3,5-тен 4,5 млрд. теңге сомасында есептеледі (ғаламдық дүлей зілзалалар болмаған кезде). Сараптамалық бағалау бойынша жанама залал бұл жағдайда шамамен 15-20 млрд. теңге және адам қазасы мен зақымданушыларды емдеуден келетін залал 3 млрд. теңгеге жуық сомада бағаланады. Жалпы сомада бұл жыл сайын 25 млрд. дейін теңгені құрайды.

3.1. ТЖ алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік басқару жүйесі

Қазақстанда қалыптасқан ТЖ алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік басқару жүйесі республиканың заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен бекітілді. Осы актілермен Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының (олардың құзыретіне сәйкес) ТЖМЖ-дағы белгілі бір рөлі белгіленді. ТЖ-ның алдын алу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін, сондай-ақ барлық орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдар мен мекемелердің ірі ауқымдағы авариялардың, апаттар мен дүлей зілзалалардың алдын алу мен оларды жоюға бағытталған күш-жігерін ұйымдастырушы және үйлестіруші мемлекеттік орган ретінде Министрлік осы жүйенің орталық өзегі болып табылады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті сипаттағы ТЖ-дан халықты және аумақты қорғау бойынша шаралардағы басты рөл жергілікті атқарушы органдарға бөлінген. Мемлекеттік басқару өкілеттіктерінің ара-жігінің ажыратылуына байланысты жергілікті атқарушы органдар 2005 жылдан бастап жұмылдыру дайындығы жөніндегі басқарманың, АҚ-ның құрылымдарын және

авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алу және жою ұйымдарын құрды. Алайда бірқатар себептерге орай бұл құрылымдардың қазіргі уақытқа дейін тиісті аумақтарда ТЖ алдын алу және оларды жою бойынша міндеттерді сапалы іске асыру үшін жеткілікті материалдық-техникалық, ақпараттық және әдіснамалық базасы, қызметкерлердің қажетті штаты жоқ. ТЖ-ның алдын алу мен оларды жоюға арналған жергілікті атқарушы органдардың жыл сайынғы резерві жеткіліксіз көлемде қ а л ы п т а с а д ы .

Азаматтардың көп бөлігі өздері тұратын жерлердегі ықтимал авариялар мен апаттардың алдын алуда енжарлық және керенаулық танытады. Жергілікті қоғамдастықтардың әлеуеті авариялық-құтқару жұмыстарын және ТЖ салдарын жоюды жедел жүргізу үшін пайдаланылмайды.

Жоғарыда баяндалғандардың барлығы Министрлікті, басқа да орталық атқарушы органдарды жергілікті сипаттағы ТЖ алдын алу мен оларды жоюға тікелей қатысуға мәжбүр етеді, бұл авариялардан, апаттардан және дүлей зілзаладан халықты және аумақты қорғау жөнінде қабылданған шаралардың жеделдігі мен тиімділігін төмендетеді, оларды өткізуге қаржы шығындарын арттырады. Бұл Министрліктің, басқа да орталық атқарушы органдардың өздеріне бекітілген мемлекеттік стратегиялық басқару функцияларын орындауына белгілі бір залал келтіреді.

3.2. Елдің АҚ жүйесі

АҚ жүйесінің құрылымы, құрылуы және жұмыс істеу қағидаттары бұрынғы КСРО-ның қорғаныстық іс-шараларының бөлігі ретінде қалыптасты және жаппай зақымдау қаруын жаппай қолдануға қарсы әрекетке бағытталған. Қалыптасқан әскери-стратегиялық жағдайды талдау және соңғы жергілікті әскери қақтығыстар тәжірибесі халықты қазіргі заманғы зақымдау құралдарынан қорғау жүйесін сақтау қажеттілігін көрсетеді. Алайда бұл құралдарды бағыттау жүйесінің жоғары дәлдігіне байланысты оларды қолданудағы акцент оқтұмсық қуаттылығын елеулі азайту кезінде басқарудың және тыныс-тіршілікті қамтамасыз етудің маңызды объектілерін зақымдауға ауысады. Бұл жағдайда соғыс уақытында халықтың тіршілік ету әрекетін қамтамасыз ету жөніндегі міндет аса өзекті болады.

АҚ-тың барлық іс-шараларын мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру мүмкін болмайтындығына байланысты, "ақылға қонымды жеткіліктілік" қағидатын негізге ала отырып, бұл шығыстарды азайту бойынша шаралар қабылданады. Экономикалық жағынан дамыған елдерде АҚ реформалаудың негізгі бағыттарының бірі соғыс уақытында ғана емес бейбіт уақытта да күштер мен құралдарды қолдану мүмкіндігімен осы жүйені әмбебаптау болып табылады. АҚ күштері мен құралдары бейбіт уақытта террористік акцияларды қоса алғанда, ірі ауқымдағы ТЖ-ны жоюға белсенді түрде т а р т ы л а д ы .

Біздің елімізде бар АҚ бөлімдері жаппай зақымдау құралын қолданудан қорғауға, сондай-ақ ТЖ мен террористік актілердің салдарын жоюға арналған. Сонымен қатар, техникалық базаның жеткілікті болмауына байланысты шет елдердегі ізгілік операцияларға олардың қатысуы мүмкін емес. Әскери бөлімдердің, қорғаныс құрылыстары мен АҚ басқару пункттерінің техникасы мен жабдығы моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген. Мұнай өндіру объектілерінде және өнеркәсіптің басқа да объектілерінде ірі ауқымдағы БЖ туындауының жоғары ықтималдығы бар елдің батыс өңірінде АҚ-ның әскери бөлімдері жоқ.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың бірқатарында ТЖ мен АҚ бойынша арнайы құрылымдық бөлімшелердің, кәсіпорындар мен ұйымдарда ТЖ мен АҚ мамандарының болмауынан ТЖ-дан және терроризм көріністерінен ел халқын, объектілері мен аумағын қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру, АҚ жүйесін р е ф о р м а л а у қ и ы н ғ а с о қ т ы .

АҚ жүйесін реформалау назарды халықты қорғау, оның тіршілік ету әрекетін қамтамасыз ету нысандары мен әдістеріне ауыстыруды көздейді.

О с ы ғ а н б а й л а н ы с т ы :

АҚ басқарудың өңірлік органдарын (бірнеше облыстарда бір-бірден) құру; жергілікті атқарушы органдардың АҚ іс-шараларын жоспарлау, жүргізу және қаржыландырудағы р ө л і н к ү ш е й т у ;

АҚ әскери бөлімдерін құтқарушы сарбаздары даярлау жүйесін сақтай отырып келісім-шарт бойынша әскери қызметшілермен толықтыру;

АҚ құрамаларын құру және жарақтандыру қағидаттарын қайта қарау;

АҚ материалдық-техникалық ресурстарының ұтымды санын және қауіпті өңірлерге оларды ауыстырудың, сондай-ақ шығыстарды өтеудің тиімді тетігін айқындау жөніндегі мәселелерді пысықтау қажет.

3.3. Техногендік сипаттағы ТЖ-дан республиканың халқы мен аумағын қорғаудың жай-күйі

Қазақстанның климаттық және тау-кен-геологиялық жағдайларының әр түрлілігі табиғи апаттарға елеулі бейімділігін айқындайды.

Республиканың сейсмикалық қауіпті аудандарында 40%-дан астам өнеркәсіптік әлеует топтастырылған және ел халқының жартысына жуығы тұрады. Бұл ретте сейсмикалық қауіпті аудандардағы өнеркәсіптік және азаматтық ғимараттардың, инженерлік құрылыстардың едәуір саны сейсмикалық орнықтылық талаптарына жауап б е р м е й д і .

Халықты қиратушы жер сілкінісінен қорғаудың кешенді сипаты бар және қазіргі уақытта сейсмология саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамыту, күшті жер сілкіністерін болжаудың жаңа әдістерін әзірлеу, сейсмикалық қатердің қауіпін

бағалаудың мамандандырылған картасын жасау, жер бетін қашықтықтан ғарыштық байқауды пайдалану, сейсмологиялық қадағалаудың республикалық жүйесін жаңғырту, сейсмологиялық станциялардың желілерін кеңейту, сондай-ақ сейсмикалық апаттардың теріс салдарын жоюға күштер мен құралдардың дайындығын қамтамасыз ету сияқты бағыттарда бірқатар мәселелерді шешуді талап етеді.

Бірқатар өңірлерде, оның ішінде сейсмикалық қауіптің деңгейін қайта қарауды қажет ететін Орталық, Солтүстік және Батыс Қазақстанда сейсмологиялық қадағалау желісі жоқ. Сейсмикалық станциялар негізінен, Алматы болжау полигонында шоғырланған. Жекелеген өңірлерде олар мүлдем жеткіліксіз. Көптеген қалаларда және ірі елді мекендерде кіші сейсмикалық аудандарға бөлу карталары жасалмаған, ол жаңа ғимараттар салу кезінде бара-бар техникалық шешім қабылдауға мүмкіндік бермейді.

Республикада су тасқыны әсеріне бейім 852 ықтимал қауіпті учаске бар. Оларда жалпы саны 900 мыңнан астам адам тұратын 732 елді мекен орналасқан. Су тасқынының залалын азайтуға жергілікті жерлерде қажетті күні бұрынғы инженерлік іс-шаралар жүргізу жөніндегі мақсатты жұмыстың болмауы кедергі келтіреді. Нәтижесінде, шұғыл шаралар қабылдауға және су тасқыны мен су басу салдарын жоюға, олардың алдын алуға қарағанда анағұрлым көп қаражат жұмсалады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1278 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының 2005 - 2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау" бағдарламасы шеңберінде гидрометеорологиялық қадағалау пункттерін, сондай-ақ қар өлшейтін маршруттарды құру бойынша белгілі бір шаралар қабылданған. Соған қарамастан, олардың мөлшері ықтимал су тасқыны жағдайын, республиканың өзендеріндегі мұз қату және сең жүру мерзімін дұрыс бағалауға және тиісінше қажетті ескерту шараларын қабылдауға мүмкіндік бермейді. Шекаралас мемлекеттермен трансшекаралық өзендерде су тасқынының мониторингі жолға қ о й ы л м а ғ а н .

Республикада сел жүру және селге ұқсас су тасқыны қауіпі бар 156-дан астам елді мекен бар. Сел жүру қауіпіне қарсы қорғану іс-шаралары бар қауіптерге толық сәйкес келмейді. Тау аумақтарын игеру кезінде әлі күнге дейін сел қауіпі ескерілмейді. Сел жүру қауіптерін басқарудың ғылыми-негіздемелік жүйесі жоқ.

Қар көшкінінің 400-ден астам учаскесі 200-ден астам объектілерге, автомобиль және темір жол учаскелеріне, байланыс және электрмен жабдықтау желілеріне тікелей қауіп төндіріп тұр. Республикада республиканың таулы аудандарындағы қар жамылғыларының жай-күйін қадағалау желісі жеткіліксіз дамыған, ол қар көшкіні қауіпін болжау сапасын төмендетеді.

Ел аумағында 496 объектіге қауіп төндіріп тұрған 106 сырғыма қатері бар учаскелер анықталды. Сонымен қатар сырғыма қатері бойынша мониторинг пен ғылыми зерттеулер жеткіліксіз жүргізіледі, тұрғын үй, өндірістік және қоғамдық ғимараттар салуға тыйым салу, тұрғындарды қауіпті аймақтардан көшіру, сырғымаға қарсы тиімді

қорғаныс құрылыстарын салу бойынша шешімдер орындалмайды.

Қазақстанның күрт континентальды климаты мен елді мекендерінің бір-бірінен едәуір қашық орналасуы жағдайында температура күрт төмендеуі, бұрқасындар және қарлы борандар, көк тайғақ, қардың қалың түсуі адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін белгілі бір қауіп төндіреді.

Жыл сайын 1000-ға жуық өрт шығатын орман алқаптарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайы күрделі күйінде қалуда, 100 мың гектарға дейінгі мемлекеттік орман қоры жойылады. Орман шаруашылығының өртке қарсы құрамаларының материалдық-техникалық базасы әлсіз, орман өрттерінің алдын алу мен оны сөндіруді ұйымдастыру мәселелері тиісті деңгейде шешілмейді. Шаруа қожалықтарында өртке қарсы қауіпсіздіктің қарапайым талаптарының сақтамалмауынан жыл сайын көптеген д а л а ө р т і б о л а д ы .

Аса қауіпті инфекциялар табиғи ошағының айтарлықтай алаңының болуы күрделі проблема болып табылады. Жыл сайын көктемгі-жазғы кезеңде эпидемиологиялық жағдай өршіп кетеді. Бруцеллез, оба және сібір жарасы аурулары өткір проблема күйінде қалуда. Безгектің, тырысқақтың, карантиндік және аса қауіпті инфекциялардың шет елден келу қауіпі шешімін тапқан жоқ. Мәселен, жедел деректер бойынша жыл сайын қауіпті жұқпалы аурулардан республика аумағында 3 мыңнан 4,5 мыңға дейін адам зардап шегеді. Өршіген құс тұмауынан халықты қорғау елеулі жалпы мемлекеттік ш а р а қ а б ы л д а у д ы қ а ж е т е т е д і .

Тағам өнеркәсібінің отандық кәсіпорындарында және қоғамдық тамақтандыру объектілерінде тиісті өндірістік бақылаудың болмауы сапасыз тағам өнімдерін шығаруға және сатуға әкеп соғады. 2005 жылы республика аумағында оларды тұтынудан адамдар улануының 44 жағдайы тіркелді, бұл ретте 126 адам зардап шегіп, олардың 13-і қайтыс болды.

3.4. Техногендік сипаттағы ТЖ-дан елдің халқы мен аумағын қорғаудың жай-күйі

Қазақстан экономикасындағы өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі елеулі алаңдаушылық тудыруда. Өнеркәсіптің аса қауіпті салаларындағы және көліктегі авариялылық өте жоғары болып қалып отыр. Әрі ол өнеркәсіптің жекелеген салаларының технологиялық ерекшелігіне ғана емес, сонымен бірге жалпы үрдістер мен шарттарға негізделген. Техногендік ТЖ жабдықты пайдалану мерзімінің асып кетуінен, оған сапасыз немесе уақтылы қызмет көрсетпеуден және жөндемеуден жиі болады. Бірқатар жағдайларда авариялардың себептері ойланбай жасалған жобалау және техникалық шешімдер, аса төмен технологиялық және еңбек тәртібі болады, бұл жұмыстарды қауіпсіз жүргізудің ережелері мен тәсілдерін, технологиялық регламенттер мен өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтарда көрініс табады.

Қауіпті өндірістік объектілер үшін мамандар мен персоналды даярлау және қайта даярлау жүйесі тиісті деңгейде емес. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің жай-күйін арттыру мен қолдау тәсілдерін әзірлеудегі ғылымның рөлі жеткіліксіз.

Техногендік ТЖ себептерінің бірі өндірістік бақылаудың қазіргі жүйесінің тиімділігінің төмендігі болып отыр. Өнеркәсіптің көптеген салаларында өндірістік бақылаудың жүйелері формальды сипатқа ие және іс жүзінде жұмыс істемейді. Техногендік ТЖ экологиялық салдарының мәселелері нашар зерделенген. Қауіпсіздікті басқаруға ескертпелі сипат пен профилактикалық бағыттылық берілуі қажет.

Республиканың сейсмикалық қауіпті жерлерінде ғана емес, сонымен қатар толықтай барлық өңірлерінде ескірген және авариялы ғимараттар мен құрылыстардың саны көп. Жыл сайын құрылыс конструкцияларының қирауынан адамдар баспанасы мен мүліктерінен айырылады, жарақаттар алады, кейде тіпті қайтыс болады.

Республикадағы өрт жағдайының күрделенуіне елді мекендердегі құрылыстардың ретсіздігі, өрт қауіпсіздігінің нормаларын сақтамай ғимараттар мен құрылыстарды, әсіресе тұрғын үйлерді қайта жабдықтау, қайта жөндеу, техникалық қайта жарақтау ф а к т і л е р і ә с е р е т е д і .

Өнеркәсіптік объектілерді, адамдардың көп келуімен тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін салу кезінде де өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне тиісті назар аударылмайды, ғимараттарды өртке қарсы қорғау жүйелерімен (дабылдағышпен, автоматты өрт сөндіру жүйелерімен, түтіннен тазалау, адамдарды өрт туралы хабардар ету және оларды көшіруді басқару) жабдықтау жөніндегі шаралар қабылданбайды, құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптары ескерілмейді. Өртке қарсы қорғаудың бар жүйелеріне қызмет көрсетілмейді, көпшілігі жұмыс істемейді.

Бизнеске төрешілдік қысымның әлсіреуі: нарыққа шығу кедергілерін азайтуды; өндіріс және сауда процесінде техникалық кедергілерді, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті шамадан тыс және тиімсіз әкімшілік реттеуді жоюды болжайды. Сонымен бірге, қабылданатын шаралар шаруашылық жүргізудің жалпы шарттарын жақсартуды ғана емес, сонымен бірге Қазақстан азаматтарының қауіпсіз еңбек етуге конституциялық құқықтарын және өнеркәсіптік авариялардың теріс салдарынан қорғану құқықтарын қамтамасыз етуді білдіруі тиіс. Осы шаралардың теңгерімсіздігі өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік басқарудың деңгейін төмендетуі мүмкін.

3.5. Террорға қарсы операцияларды авариялық-құтқарумен қамтамасыз ету дайындығы

XXI ғасырдың басы адамзатқа тағы бір қаһарлы қыр көрсетумен - халықаралық терроризммен айрықшаланды. Террористердің қазіргі заманғы техниканы, радиациялық, химиялық және биологиялық қауіпті заттар мен материалдарды пайдалану, сондай-ақ техногендік ТЖ-ны қасақана тудыру мүмкіндігі террористік

актілердің, әсіресе химиялық және биологиялық шабуыл жасау кезіндегі салдарын жою күштерінің (қызметтерінің) материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайтуды т а л а п е т е д і .

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, терактілер жасалған кезде негізінен бейбіт халық зардап шегеді. Бұл террорға қарсы операцияларды авариялық-құтқарумен қамтамасыз етудің елеулі маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстанда соңғы уақытта тиісті қызметтер мен ұйымдардың мұндай операцияларды қалыпты жүргізу дайындығын қамтамасыз ету бойынша қабылданған ш а р а л а р ғ а қ а р а м а с т а н :

дағдарысты жағдайлардың алдын алу және ТЖ саласындағы уәкілетті органның терроризмнің түрлі көріністеріне қарсы әрекет ету жөніндегі қызметін басқа да әлуетті құрылымдармен үйлестіру бойынша келісілген шаралар кешенін әзірлеу;

террористік актілерден объектілер мен аумақтың санаттылығын айқындау және қорғаныстық деңгейін арттыру;

техногендік және табиғи сипаттағы қатерлерге қарсы әрекет етудің жалпы жүйесіндегі террористік актілер қауіптері мониторингінің ақпараттық негіздерін құру;

ТЖМЖ күштері мен құралдарының тиімділігін жетілдіру мен арттыру және террористік актілер салдарын жою кезінде оларды жедел құруды қамтамасыз ету жөніндегі мәселелер әлі де өзекті күйде қалып отыр.

3.6. ТЖМЖ-ның жедел ден қою күштері

Соңғы 5 жылда құтқару операцияларын жүргізу серпіні Министрліктің жедел-құтқару қызметтерінің көмекке шығу санының 2,3 есеге өскенін көрсетіп отыр. Көрсетілген кезеңде ТЖ саласындағы уәкілетті органның авариялық-құтқару қызметтері (бұдан әрі - АҚҚ) 114,9 мыңнан астам адамды құтқарған.

Сонымен қатар, республикада 1996 жылдан бастап 2006 жылға дейінгі кезеңде тек 14 жедел құтқару жасағы, оның ішінде Республикалық жедел құтқару жасағы (Алматы қаласы), 5 өңірлік аэромобильді жедел-құтқару және 8 қалалық жедел құтқару жасақтары құрылған және жұмыс істеуде.

Жедел-құтқару жасақтарының (бұдан әрі - ЖҚЖ) кинологиялық, сүңгуір, радиациялық, химиялық және биологиялық қызметтерін дамыту толық көлемде жүзеге а с ы р ы л м а й о т ы р .

Иттер қолданылатын іздестіру жұмыстары құтқару қызметін дамытудың перспективалы бағыттарының бірі болып табылады. Осы жұмыстың тиімділігін арттыру үшін кинологиялық есептердің сертификаты, іздеу иттерін асылдандыру, қызметтерді дамыту жөніндегі құжаттаманы әзірлеу кинологиялық есептерді дайындау ж ә н е о қ ы т у қ а ж е т .

Авариялық-құтқару жұмыстарын орындау үшін ЖҚЖ-ны қазіргі заманғы

техникамен және құралдармен толық жарақтандыру мәселесі өткір тұр. Республикалық ЖКЖ, өңірлік аэромобильді ЖКЖ бүгінгі күні 30-40%-ға толықтырылған, ал сол уақытта қалалар ЖКЖ-ының жарақтандырылуы бар-жоғы 10-20%-ды құрайды.

Қазіргі уақытта Министрліктің авиациялық паркі екі ұшақтан және 6 тікұшақтан тұрады, олардың 5 тікұшағына және бір Ан-30 ұшағына ғана ұшуға рұқсат берілген. Осыған байланысты, сондай-ақ осы техниканың Алматы қаласында ғана орналасуынан құтқару күштерінің қажетті ұтқырлығын қамтамасыз ету мүмкін болмай отыр.

Елде құтқарушыларды даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі арнайы орталық жоқ. Құтқарушыларды даярлау жасақ базаларында жүргізіледі, бұл құтқару ісіне оқытудың сапалылығына кепілдік бермейді.

Әкімшілік-қызметтік қорды дамыту шешімін таппаған проблема болып қалуда. 14 ЖКЖ-ның 10-ында құтқарушыларды оқыту және даярлауға арналған өз базасы мен полигондары жоқ, бұл олардың қызметі үшін ғимараттар мен құрылыстар салу мәселелерін шешуді талап етеді.

Құтқарушылардың жұмысы олардың өмірі мен денсаулығына қауіпті, айтарлықтай моральдық және физикалық жүктемелерге әкеп соғады, бұл белгілі бір оңалту шараларын қабылдауды талап етеді. Сонымен қатар, Министрліктің жүйесінде құтқарушыларды медициналық және психологиялық оңалту мекемелері жоқ. Құтқарушылардың кәсіптік қызметінің ерекшеліктеріне оларды әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар сәйкес келмейді.

Өртке қарсы қызмет Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен аудандарда, қалаларда және өзге де елді мекендерде, мемлекет меншігіндегі ерекше маңызды өрт және жарылыс қауіпі бар объектілерде құрылады.

Министрліктің өртке қарсы қызметі құрамында өртті сөндіру үшін қарулануында 1414 бірлік негізгі және арнайы өртке қарсы техникасы бар 376 өрт сөндіру бөлімі құрылды. Осы бөлімдер 270 қала мен елді мекендерді ғана күзетеді, ал ел халқының жартысына жуығы (7,2 млн. адам) тұратын 13 мыңнан астам ауылдық елді мекендер бүгінде өртке қарсы қорғаныссыз қалып отыр.

Қалаларда өрт сөндіру деполарының құрылысын салу қарқыны азаматтық және өнеркәсіптік құрылыс қарқынынан әлде қайда артта қалып отыр, нәтижесінде олардың қызмет көрсету радиусының бірнеше есеге ұлғаюына әкеледі. Өртке қарсы қызметтің ресурстық қамтамасыз етілуін шектеу өрт сөндіру ісінде теріс үрдістердің өсуіне әкеп соқты, соның салдарынан өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің күштері мен құралдары өздерінің жарақталуы мен сандық құрамы бойынша оларға жүктелген міндеттерді толық көлемде орындауға жағдайы жоқ, бұл өрт кезінде адамдардың қаза болуы мен жарақат алу ықтималдығын күрт арттырады, өрттен келетін залалдың өсуіне әкеп соғады.

Қазіргі бөлімшелер нормативтік тиістіліктің тек 43%-ына ғана техникалық жарақтандырылған. Бұл ретте 176 өрт сөндіру бөлімдері бейімделген ғимараттарда

орналасқан. Өрт сөндіру машиналарының негізгі техникалық паркі ескірген, автотехниканың 67 %-ы 13 жылдан артық пайдаланылып келеді. Республиканың бірқатар өңірлерінде (Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Маңғыстау және басқа да облыстар) өртке қарсы қызмет қарулануында жоғары қабатты ғимараттарда өрт туындаған кезде 30 метрден астам биіктіктен адамдарды эвакуациялауға және өрт сөндіру құралдарын беруге қабілетті авто сатысының немесе иінді көтергіштің бірде-бірі жоқ, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған арнайы техника мен авариялық-құтқару жабдығы жоқ.

Бүгінде мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің санын қысқарту оның жұмыс істеу жағдайының нашарлауы, жауынгерлік дайындық пен өрт сөндіруді ұйымдастыру үлесінің төмендеуі жүріп жатыр. Жекелеген ұйымдар мен кәсіпорындардың оларды ұстау мен өрттен қорғауды қамтамасыз етуге қажетті шығындардан бас тартуы есебінен ақшалай қаражатты үнемдеуге қол жеткізуге ұмтылысы өсіп отыр, бұл өртке қарсы күрес проблемаларын одан әрі шиеленістіре түсуі мүмкін.

Қазіргі уақытта Каспий қайраңы аймағында мұнай өндіру көлемінің ұлғаюы мен географиясының кеңеюі жүріп жатыр. Сонымен қатар, Қазақстанда бүгінгі күні кемелерде, танкерлерде, паромдарда, мұнай кәсіпшілігінде болуы мүмкін өрттер мен техногендік аварияларды жоюға, мұнайдың төгілулерін жоюға, теңізде апатқа ұшыраған адамдарды құтқаруды жүргізуге қабілетті бірде бір теңіз кемесі жоқ.

Жолаушылар мен өзенмен жүк тасымалдауды одан әрі дамыту кезінде адамдарды уақтылы қорғауды және суда ТЖ-ны жоюды қамтамасыз ету жөніндегі проблемалар туындайды. Сонымен қатар, бүгінгі күні қолда бар өрт сөндіру және авариялық-құтқару кемелері өздеріне жүктелген функцияларды толық көлемде орындауға қабілетсіз. Жергілікті атқарушы органдардың суда құтқару қызметтері қанағаттанарлықсыз жағдайда.

Министрліктің әскерилендірілген АҚҚ құрылған сәттен бастап оларға берілген тау-кен-құтқару жабдығы мен жарақтарының ұзақ пайдалану нәтижесінде тозуы, қазіргі уақытта нормативтік ресурстарды арттырып отыр, бұл оны қолдану кезінде қауіп тудырады және жүргізілетін құтқару іс-шараларының тиімділігіне әсер етеді.

Оларды қаржыландыру республика кәсіпорындарының авариялық-құтқару қызметтерін көрсету бойынша жеке кіріс есебінен ғана жүзеге асырылады, бұл олардың қалыпты жұмыс істеу үшін аса жеткіліксіз болып табылады, негізгі қорлардың жай-күйінде теріс көрініс табады, құтқарушыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету проблемаларын туындатады, білікті мамандардың кетуіне әкеп соғады. Құтқарушыларды жеңілдікті зейнетақымен қамтамасыз етудің алынып тасталуы республиканың әскерилендірілген АҚҚ жедел дайындығы мен қызмет ету деңгейіне теріс әсерін тигізеді.

3.7. Мемлекеттік материалдық резервтің жай-күйі

Қазіргі уақытта елде жұмылдыру қажеттілігіне, ТЖ салдарын жою жөніндегі бірінші кезекті жұмыстарды қамтамасыз етуге, ізгілік көмек көрсетуге және нарыққа реттеуші ықпал етуге арналған материалдық құндылықтардың жалпы мемлекеттік қ о р ы к ұ р ы л д ы .

Соңғы төрт жылда мемлекеттік материалдық резервтің (бұдан әрі - мемматрезерв) тауар-материалдық құндылығының болуы өсімінің үрдісі белгіленді. Мемматрезерв жүйесін қаржыландыру тұрақтандырылды. Мәселен, материалдық құндылықтар жинақталуының жыл сайынғы өсімі шамамен 4,3%-ды құрайды. 2001 жылмен салыстырғанда мемматрезервтің тауар-материалдық құндылықтарын сақтауға арналып бөлінген ақшалай қаражаттың жалпы көлемі 2 еседен астамға ұлғайды.

Сонымен қатар, мемматрезерв жүйесінің қазіргі жай-күйі тәуелсіз мемлекет ретіндегі Қазақстан Республикасының шынайы сұранысына сәйкес келмейді.

Мәселен, резервтерді сақтауға жауапты базалар мен пункттердің географиялық орналасуы, оларды азық-түліктік, өнеркәсіптік және ЖЖМ топтарына бөлу бұрынғы КСРО-ның стратегиялық қажеттілігіне сәйкес белгіленген. Егемен Қазақстанда Атырау , Ақтөбе, Маңғыстау және Қызылорда облыстарында мұнай және газ өндіру салаларының және оған жанама инфрақұрылымдардың қарқынды дамуы жүріп жатыр. Бұл ретте, жұмыс істейтін сақтау филиалдары жоғарыда санамаланған өңірлерден елеулі қашықтықта орналасқан. ТЖ жою жағдайында бұл өңірлерге мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жеткізу жөніндегі қаржы шығыстары мен уақыт шығыны айтарлықтай ауқымды болмақ.

Қазіргі сақтау базалары 1941-1981 жылдар кезеңінде пайдалануға енгізілген. Қойма үй-жайларының көпшілігіне пайдалануға берілген сәттен бастап күрделі жөндеу жүргізілмеген. Оларға сақтау мен сапаны бақылаудың жаңа технологиялары енгізілместен тауар-материалдық құндылықтарды сақтаудың технологиялық циклінің жұмысқа қабілеттілігі ғана сақталған.

Есепке алу мен бақылаудың қолданылып жүрген жүйесі қолданыстағы нормативтер мен адам факторы жетілдірілмеуі себебі бойынша айқын емес. Сұйық тауар-материалдық құндылықтарды есепке алу қарапайым тәсілдермен қолма-қол алынған мәліметтер негізінде жүргізіледі. Бақылау мен есепке алудың қазіргі заманғы автоматтандырылған жүйесін енгізу қажеттілігі бар.

Сақтау мерзімі өтіп кеткен өнім топтарының тауар-материалдық құндылықтарын сату үлкен қиыншылықтарға соқтырып отыр. Ол бағаның үлкен ауытқушылығына бейім және сұраныс пен ұсыныстың маусымдылығына тәуелді. Қазақстан Республикасы Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінің, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қажеттілігі үшін мемматрезерв қоймаларынан өнімдерді жеткізу арқылы (басқа елдердің тәжірибесі бойынша) бұл қиындықтарды елеулі дәрежеде жоюға

б о л а д ы .

Нормативтік құқықтық базаның жетілдірілмеуінен мемматрезерв жүйесінің жұмысына нарық тетіктерін енгізу қиындық туғызады. Мәселен, мұнай мен мұнай өнімдерін импорттайтын елдер (Жапония) 90 күнтізбелік күн ішінде елдің тұтынуын қамтамасыз ететін мөлшерде ЖЖМ резервте сақтайды, не импорттаушы компанияларды (Франция) ЖЖМ қорын жасауды заң жүзінде міндеттейді. Сақтау мерзімі өткен мемлекеттік резервтің тауар-материалдық құндылықтарын сату кезінде нарық құнының 25%-на дейін арзандатуға жол беріледі (Румыния). Ресейде мемлекеттік резервтің жеткізушілері болып табылатын өндірушілер жарнама мен прайс-парақтарда өнімді мемматрезервке жеткізетіндерін ресми түрде көрсетеді, бұл олардың өнімінің жоғары сапасын растау болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы бекітілген Қазақстан Индустриялды-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған Стратегиясын одан әрі іске асыру, алда тұрған ДСҰ-ға кіру елдің экономикасының нақты секторын, өмір сүру деңгейін және тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді көтеруді ұтымды үйлестіру мақсатында мемматрезервтің қолданыстағы жүйесін реформалау қажеттілігін талап етеді.

3.8. ТЖ мен АҚ саласындағы бақылау және рұқсат беру жүйесі

Соңғы жылдарда өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін қамтитын ТЖ саласындағы бақылауға, АҚ іс-шараларының орындалуына, авариялардың, өндірістік жарақат алудың негізгі себептері мен жай-күйлеріне, республикада болған өрттерге жүргізілген талдау олардың көпшілігінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелері талаптарының бұзылуынан, жұмыс орындарында тиісті ведомстволық бақылаудың жеткілікті ұйымдастырылмауынан, жабдықтың пайдалану мерзімінің елеулігінен, сондай-ақ персоналдың кәсіптік даярлығы мен өндіріс тәртібінің төмен деңгейінен болатындығын көрсетті.

Қазіргі уақытта қалыптасқан өнеркәсіптің, құрылыстың үдемелі қарқыны, жаңа өндіріс түрлерінің енгізілуі елдің қауіпсіздігі мен дамуы үшін маңызды мәнді білдіретін ТЖ және АҚ саласындағы бақылау жүйесін жетілдіру мен ретке келтіру қажеттілігін а н ы қ т а д ы .

Республиканың өнеркәсіп кешенінің барлық салаларының 364 мыңнан астам қауіпті өндірістік объектілерінде жұмыстың қауіпсіз жүргізілуін бақылауды Министрліктің 635 мемлекеттік инспекторы жүзеге асырады. Бір инспекторға арналған жүктеме 573 қауіпті өндірістік объектіні құрайды, бұл елдің барлық қауіпті өндірістерін тиісті алдын ала қамтуды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Республиканың су айдындарында мұнай өндірудің көлемі ұлғайған кезде, сондай-ақ уранды және басқа да өнеркәсіп өнімдерін артық өндіру кезінде бұл проблема айтарлықтай шиелініседі.

Қазіргі уақытта ТЖ және АҚ саласындағы мыңнан астам, оның ішінде бұрынғы КСРО-ның салалық нормативтік құқықтық актілер қайта қарауды талап етеді.

Елге импортталатын өнеркәсіптік жабдық пен қауіптілігі жоғары материалдарды сертификаттау мен рұқсат беру жөніндегі нормативтік және материалдық-техникалық база қазіргі заманғы талаптарға жауап бермейді.

Мұнай-газ құбырларын теңіз түбімен тарту жөніндегі жұмыстарды, тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілерде газдың пайдаланылуын, бар ғимараттардың, құрылыстардың және құрылыс конструкцияларының техникалық жай-күйін, су шаруашылығы құрылыстарының сенімділігін бақылау іс жүзінде жоқ.

Мемлекеттік өрт бақылауын жүзеге асыру кезінде жыл сайын түрлі мақсаттағы 60 мыңнан астам объектіге тексеріс жүзеге асырылады, олардың кезінде 1 миллионға дейін өрт қауіпсіздігінің ережелерін бұзушылық анықталады, 100 мыңға дейінгі лауазымды адамдар мен азаматтар әкімшілік жауапкершілікке тартылады, өрт қаупін төндіретін күйдегі 15-20 мың объектінің жұмысы ішінара немесе толық тоқтатылады.

Қазіргі заманғы жағдайда өртке қарсы қызметтің инженерлік- инспекторлық құрамының жұмыс көлемінің ұлғаюы олардың қызмет көрсететін аймағына қосымша объектілерді қосу есебінен, сондай-ақ олардың меншік нысандарының (тұрғын үй секторының бөлігін өндіріс, қойма объектілеріне, офистерге қайта жабдықтау, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту, жаңа объектілер салу, оның ішінде алыс аудандарда) өзгеруіне байланысты жүріп жатыр, бұл өз кезегінде уақыт тапшылығы проблемасын тудырады, ал өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу фактілері бойынша әкімшілік өндірістің рәсімдерін күрделендіру заңнамада белгіленген мерзімде әкімшілік өкілеттіктерді іске асыруға мүмкіндік бермейді.

Өрттерді және олардың салдарын әкімшілік есепке алу, әкімшілік құқық бұзушылық пен қылмыстар, сондай-ақ оларды жасаған адамдар туралы деректер банктерін құру жөніндегі функцияларды өрт сөндіру бөлімшелерінің жүзеге асыруы осы бөлімшелердің компьютерлік техника құралдарымен тиісті жарақталуын талап етеді.

3.9. Табиғи және техногендік ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою саласындағы сақтандыру

Дамыған нарықтық экономикасы бар елдердің тәжірибесі көрсеткендей, сақтандыру ТЖ теріс салдарын жоюдың сенімді қаржы құралы болып табылады. Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы міндетті және ерікті сақтандыруды бекітетін нормалардан тұрады. Бірақ, бұл мәселе жете пысықталмаған болып табылады және айтарлықтай нақтылауларды, іске асыру тетіктерін әзірлеуді, сондай-ақ сақтандыру жағдайы (табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ) туындаған кезде

сақтандыру құқықтық қатынасының барлық қатысушыларының зиянды кепілге өтеуге мүмкіндіктерін кеңейтетін нормаларды бекіту мақсатында заңнаманы жетілдіруді талап е т е д і .

ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою саласындағы бірқатар заңдар міндетті сақтандыру нормаларынан тұрады. Мысалы, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде құтқарушылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіруден немесе қайтыс болудан, қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру көзделген. Бірақ, осы нормаларды іске асырудың егжей-тегжейлі тетіктері көзделмеген. Қазіргі уақытта " Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", " Авариялық-құтқару қызметтері мен құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларын іске асыру жөнінде олардың ережелерін толыққанды іске асыру үшін тиісті нормативтік құқықтық актілер әзірлеу жолымен нақты іс-шаралар жасау талап етіледі.

ТЖ-дан сақтандыру мәселелері жөнінде бүгінде қолданыстағы заңнамалық актілерді егжей-тегжейлі пысықтау мен кейбір нақтылауларды енгізу оларды іске асырудың тетіктерін әзірлеу мақсатында заңға тәуелді актілерді шығару талап етілуде. Табиғи және техногендік қауіптен сақтандыру жөніндегі тұжырымдамалық-әдіснамалық негіздер мен практикалық ұсынымдар әзірлеу қажет.

Тұтастай алғанда, табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою саласындағы сақтандыру жүйесі іс жүзінде дамымаған болып табылады. Оның көмегімен ТЖ туындаған кезде келтірілген залалдың орнын толтыру және түрлі сипаттағы төлемдерге мемлекеттің шығыстарын барынша азайту мүмкін емес.

3.10. Апаттық медицина

Республикада апаттық медицина орталығы (бұдан әрі - АМО) мен жедел медициналық жәрдем бөлімшелерінің негізінде шұғыл медициналық жәрдем қызметі (бұдан әрі - ШМЖҚ) құрылды және ТЖ-ны жою кезінде пайдаланылады. Бірақ, АМО бөлімшелері республиканың барлық облыстарында құрылмаған және олардың аса ауқымды ТЖ кезінде халықты медициналық қамтамасыз ету іс-шараларын жедел құру үшін жеткілікті материалдық-техникалық және кадрлық базасы жоқ. Республикалық және облыстық АМО-ның меншікті ғимараттары, техникаға арналған қоймалары және материалдық-техникалық құралдарының жедел қорлары жоқ. Республикада зардап шеккен халыққа медициналық көмек көрсетудің қазіргі мүмкіндігі шектеулі.

Шетелдерде ШМЖҚ қолдануды талдау зілзала аймағында ұтқыр медициналық мекемелерді тез құру, зардап шеккендерге білікті көмек көрсету қажеттігін көрсетті, бұл зардап шеккен халықтың арасында шығынды төмендетуге мүмкіндік береді.

Апатты цунамидің салдарынан зардап шеккен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде Ресей Төтенше жағдайлар министрлігінің АМО-ның ұтқыр госпитальдарын құру осыған м ы с а л б о л ы п т а б ы л а д ы .

Республикада апаттық медицинаның клиникалық базасы жоқ, осының салдарынан ШМЖҚ медициналық персоналының күнделікті емдеу практикасы жоқ, ТЖ-ға тән патологиялық жай-күйді зерттемейді. Жұмысының ерекшелігі бойынша денсаулықты жедел бағалауды, тұрақты диспансерлік қадағалауды, ТЖ-ны жоюға қатысқаннан кейінгі емдеуді және оңалтуды қажет ететін құтқарушыларды медициналық қамтамасыз ету мәселесі шешілмеген. "Апаттық медицина" мамандығы бойынша медициналық құрамды дайындау тиісті түрде ұйымдастырылмаған.

Қазақстанда апаттық медицина саласындағы отандық ғылыми мектеп жоқ, осының нәтижесінде ШМЖҚ дамыту және ТЖ-дан зардап шеккендерге медициналық жәрдем көрсетуді жетілдіру жөнінде қабылданған шаралар апаттық медицина бойынша көшбасшы мемлекеттерде жүргізіліп жатқан тиісті іс-шараларды алып пайдалану қ о с а л қ ы с и п а т қ а и е .

Әлемдегі әскери-саяси ахуалдағы және Қазақстандағы экономикалық жағдайдағы өзгерістер Қазақстан Республикасы АҚ және ТЖ-ның жаппай зақымдау қаруын қолдану салдарын жоюды медициналық қамтамасыз етуге есептелген медициналық қызметінің (бұдан әрі - МҚ) құрамын, олардың қамтамасыз етілуін және жасақталуын түпкілікті қайта қарауды талап етеді. Моральдық және физикалық жағынан ескірген техникалық базасынан, оларды әзірлікке келтірудің ұзақ мерзімінен, АҚ құрамалары үшін медицина қызметкерлері мен санитарлық жасақшыларды даярлау жүйесінің жоғалуынан, АҚ мен ТЖ МҚ ұйымдарының ұдайы дайындығының жоқтығынан АҚ және ТЖ МҚ құрамалары мен мекемелерінің өз міндеттерін орындауына қиындық туып отыр. АҚ мен ТЖ МҚ қорларын қайта қарау және толықтыру қажет. АҚ және ТЖ көлік қызметінің санитарлық-көлік бөлімшелерін қалыптастыру жүйесі де жоқ, бұл жаппай санитарлық шығын аймақтарынан зардап шеккендерді елдің емдеу ұйымдарына медициналық эвакуациялауға кедергі келтіруі мүмкін.

ТЖ туындаған және оларды жою кезінде өз міндеттері бойынша авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарға қатысатын ШМЖҚ, АҚ мен ТЖ МҚ персоналының құтқарушы мәртебесі жоқ және оларды құқықтық және әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар жүйесіне кіргізілмеген.

3.11. Халықты оқыту және кадрларды даярлау

Қазақстанда ТЖ мен АҚ саласында халықты оқыту және кадрларды даярлау:

Министрліктің "Республикалық ТЖ және АҚ саласындағы басшылық құрамның біліктілігін арттыру курстары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында, өңірлерде - даярлау мен оқыту бөлімдерінде (орталықтарында) біліктілікті арттыру;

"Тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің негіздері" курсының бағдарламасы бойынша жалпы білім беру мекемелерінің оқушыларын, "Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі" пәні бойынша білім беру ұйымдарының, бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқушыларын және жоғары оқу орындары (бұдан әрі - ЖОО) студенттерін оқыту;

штабтық және объектілік жаттығуларға, командалық-штабтық және кешенді оқу-жаттығуларға, сондай-ақ басқа да жедел іс-шараларға қатысу;

АҚ және ТЖ саласындағы білімді насихаттау;

Ресей Федерациясы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс және мемлекеттік өртке қарсы қызметі академияларында, Министрліктің Көкшетау техникалық институтында қайта даярлау мен біліктілікті арттыру арқылы жүзеге асырылады.

Халықты оқытудың, кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың бұл жүйесі өткен жүз жылдықтың 80-ші жылдарының аяғы мен 90-шы жылдарының басында қалыптасты. Ол Қазақстанда болған түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді, орта және жоғары білім беру жүйесіндегі түбегейлі алмасуларды білдірмейді, ақпараттық технологиялар саласында болып жатқан өзгерістерге сәйкес келмейді. Қалыптасқан артта қалуға байланысты бірқатар проблемалар жинақталды:

Б ұ л :

құтқарушыларды оқыту бойынша мамандандырылған оқу орындарының белгіленген біліктілік талаптарына жауап беретін мамандармен АҚ басқару органдарын, әскерлерін, өрт сөндіру, жедел және авариялық-құтқару құрамаларын кепілді толықтыруды қамтамасыз етуге қабілетті кадрларды даярлаудың бірыңғай жүйесінің;

халықты ерікті өрт сөндіру мен авариялық-құтқару құрамаларына тарту жөніндегі акциялардың;

ТЖ алдын алу мен оларды жоюға қатысуға тілек білдірген қоғамдық және діни ұйымдармен байланыстың;

ТЖ іс-қимылдарына оқыту бойынша қоғамдық балалар-жасөспірімдер қозғалыстарының, жазғы дала лагерлерінің болмауы.

Сондай-ақ қазіргі жүйеге:

жоғары техникалық білімі бар мамандардың тапшылығы;

халықты оқытудың, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыстың төмен деңгейі;

мамандарды жеткіліксіз даярлау;

ТЖ және АҚ бойынша бар оқу орындарының профессорлық құрамының ғылыми әлеуетін іске асырудың мүмкін болмауы, онда тиісті ғылыми және ғылыми-зерттеу қызметімен айналысу мүмкіндігінің жоқтығы да тән.

Тұтастай алғанда, халықты оқыту мен кадрларды даярлаудың бүкіл жүйесі түбегейлі жаңғыртуды, оған жүйелі және кешенді сипат беруді қажет етеді.

3.12. ТЖ саласындағы ғылыми зерттеулер мен мониторинг

Қазақстан Республикасында жер сілкіністерін, селдерді, көшкіндерді, қауіпті метеорологиялық құбылыстарды ғылыми зерттеу жүргізіліп жатыр. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің жекелеген аспектілері зерделенуде. Сонымен қатар елде ТЖ-ның алдын алу мен оларды жоюдың ортақ проблемаларын кешенді зерттеу жөніндегі бірыңғай ғылыми орталық жоқ.

Қазақстанның тәуелсіздік алуына және геосаяси жағдайдың түбегейлі өзгерістеріне байланысты елдің АҚ-ын ұйымдастыру мен жүргізу саласында терең стратегиялық және арнайы ғылыми зерттеулердің өте қажет екендігі білінеді.

ТЖ мониторингі қажетті толықтыққа және кешенділікке ие емес, тұтынушыларға, атап айтқанда, Министрліктің кезекші қызметтеріне деректерді беру жеделдігі қамтамасыз етілмейді.

Мәселен, Қазақстанның барлық сейсмикалық белсенді аумағын толық қамтымау жер сілкіністерін болжау жүйесінің елеулі кемшілігі болып табылады. Бақылау пункттерінің қажетті санымен Алматы болжау полигоны ғана жарақталған. Қазақстанның батыс өңірлерінің ықтимал техногендік сейсмикалығы іс жүзінде зерттелмеген.

Бірқатар жағдайларда гидрометеорологиялық мониторинг қызметтері берген дауылды ескертулер нақты растау таппайды. Дауылды желдің жергілікті жерде соғуы сияқты мұндай қауіпті гидрометеорологиялық құбылысты өткізу жиі болып тұрады. Елдегі су тасқыны жағдайын ұзақ мерзімге болжау сенімділігі жеткіліксіз.

Сел қауіптілігі көздерінің аэровизуальдық мониторингі Алматы қаласына және Алматы облысына жақын орналасқан Іле Алатауы таулы аймағына ғана ішінара жүргізіледі. Сел жүруді анықтау мен хабардар ету процесін автоматтандыру әзірге тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың шеңберінен шықпай отыр. Республикадағы сел қауіптілігінің қозғалысына ғаламдық климат өзгерісінің әсер етуі зерделенбеген. Селден қорғау құрылыстарын салу мен пайдалану қалыптасқан дәстүрлі тәсілдер шеңберінен шықпаған.

Елде көшкін қауіптілігіне жүйелі мониторинг іс жүзінде жоқ. Бұл бағытта жүргізілген зерттеу жұмыстары республика аумағындағы көшкін үрдістерінің серпіні туралы толық түсінік бермейді.

ТЖ алдын алу мен оларды жою мүддесінде ғарыштан республика аумағын қашықтан барлау дамудың алғашқы сатысында ғана тұр.

ТЖ-ның дәл мониторингі мен ден қоюдың тиімді автоматтандырылған жоспарларын әзірлеу үшін өте қажетті қазіргі заманғы ГАЖ (геоақпараттық жүйелердің) технологияларын енгізуде артта қалушылық айқын байқалады.

Жүйелі ғылыми зерттеулердің және техникалық тәуекелдерге мониторингінің жоқтығынан техногендік авариялар мен апаттарды болжау және олардың алдын алу жөніндегі кешенді шаралар жүргізу қиындық туғызады.

Тұтастай алғанда, ТЖ және АҚ саласындағы мониторинг пен ғылыми зерттеулер

оларды бірыңғай, практикалық соңғы нәтижеге бағытталған ұйымдастырушылық бастамамен үйлестіруді және жүргізуді қажет етеді.

3.13. Ақпараттандыру, байланыс, хабардар ету

Министрлікте ТЖ бойынша Республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесі (ТЖ ААБЖ) құрылған. Геоақпараттық жүйе әзірленіп жатыр, Қазақстан Республикасы құрылғанының өңірлері мен ірі қалаларының сандық электрондық карталары бар. Ақпаратты, регламенттік есептерді жедел өңдеу, деректерге әкімшілендіру жүргізіледі, ТЖ жөніндегі мамандардың автоматтандырылған жұмыс орны пайдаланылады. Барлық аумақтық бөлімшелер серверлеріне кіре алатын Министрліктің корпоративтік желісінің орталық торабы құрылды. Ақпараты күнделікті жаңартылып тұратын Web-беті бар.

Ақпарат алмасу негізінен электрондық почта бойынша жіберілетін мәтіндік және графикалық ақпарат файлдары түрінде жүзеге асырылады. Осы мақсаттар үшін Жер-серверде корпоративтік пошта жүйесі жұмыс істейді. Файлдардың бір бөлігі шартты жеткізулер түрінде беріледі.

Сонымен қатар, қазіргі бағдарламалық-техникалық платформа пайдаланушылардың on-line режиміндегі деректерді тарату банкінің ақпаратына жойылған қолжетімділікті қ а м т а м а с ы з е т п е й д і .

Жергілікті жерлерде геоақпараттық жүйелер (GPS - жүйелері), жерсеріктік бағдарлау жүйелері жеткіліксіз қолданылады.

Байланыс сенімділігі мен сапасы бойынша 70-ші жылдары шығарылған қолданыстағы жабдықтардың 62%-ы қазіргі заманғы талаптарға сай емес. Аумақтық басқармалар жедел және транкингтік байланыспен орта есеппен 10-20%-ға жарақталған, оларда баруы қиын жерлерде жұмыс істеуге арналған байланыс құралдары жоқ. Байланыс жүйелерінің аппаратурасы 95%-ға ұқсас және ақпарат берудің қазіргі заманғы сандық жүйелерімен интеграциялануды қамтамасыз етпейді. Ақпараттың әрбір түрі үшін әртүрлі техникалық құралдар (ұқсас және сандық), әртүрлі типтегі бағдарламалық өнімдер қолданылады, байланыс арнасының алуан түрі әртүрлі операторлардан жалға алынады. Ағындар үшін ақпарат қорғаудың түрлі әдістері қ о л д а н ы л а д ы .

Телефон және телеграф арналары бойынша ақпарат берудің ұқсас жүйесімен коммутаторлық қондырғылар деректер беру үшін талап етілетін өлшемдерді қамтамасыз ете алмайды. Жағдайды бағалау үшін ғарыш мониторингінің құралдары н а ш а р п а й д а л а н ы л а д ы .

Министрліктің жиілік ресурсы шектеулі және ТЖ кезінде жедел басқару байланысын қамтамасыз ету міндеттерін толық көлемде шешуге мүмкіндік бермейді.

Орталықтандырылған хабардар ету жүйесі 30 жыл бұрын құрылған және қазіргі

заманғы сандық және талшықты-оптикалық байланыс технологияларына сәйкес келмейді. Мемлекеттік басқару органдарын хабардар ету бойынша міндеттерді орындау қиындық туғызады, ал кейбір жағдайларда (жекелеген ауылдық аудандар) дабыл абонентке бақылау мерзімдері өткеннен кейін түседі. 500 мыңға жуық адам тұратын 1 500-ден астам елді мекен хабардар етудің қандай да бір түрімен қамтамасыз етілмеген.

3.14. Халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап бірте-бірте елдердің ТЖ саласындағы ұлттық күштерін үйлестіруші беделді халықаралық ұйымдарға кірді. Республика АҚ-тың Халықаралық ұйымының, Дүлей зілзалалар қаупінің алдын алу жөніндегі Азия орталығының толық құқықты мүшесі болып табылады.

Қазақстан үшін ТМД-ға қатысушы мемлекеттерімен ТЖ саласындағы ынтымақтастық басым болып отыр (ТЖ алдын алу мен оларды жоюдың Мемлекетаралық жүйесі мен ТМД-ның Күштер корпусы), беделді халықаралық ұйымдармен - БҰҰ-ның, НАТО-ның мамандандырылған органдарымен, Қызыл Крест және Қызыл Жарты ай қоғамдарының Халықаралық Федерациясымен, МАГАТЭ және басқа ұйымдармен байланыс жолға қойылған.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының, Ұжымдық қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымының, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес шеңберіндегі әріптестік стратегиялық маңызды болып табылады.

1994 жылдан бастап шетелдік оқу орталықтарында әртүрлі деңгейдегі мамандарды кәсіби даярлау жүзеге асырылып келеді, ТЖ туралы деректермен ақпараттық алмасудың мемлекетаралық жүйесі құрылды, түрлі халықаралық, оның ішінде Қазақстанның шетелдерде құтқару операцияларына қатысуымен іс-шаралар өткізілді. БҰҰ-ның және жекелеген дамыған елдердің (Жапония, АҚШ, Қытай) бастамасымен республикада ТЖ алдын алу мен оларды жою саласында бірқатар жобалар іске асырылды.

Екі жақты, оның ішінде Ресеймен, Қытаймен, АҚШ-пен, Еуропалық Одақ, Азия және Таяу Шығыс елдерімен байланысты күшейту қажет етіледі. Бұл қарым-қатынастар тиісті түрде халықаралық келісім-құқықтық базамен бекітілмеген. ТЖ мамандарын шетелдерде көп бейінді даярлау жөніндегі мүмкіндіктері толық пайдаланылмады.

Бірқатар себептерге байланысты халықаралық және үкіметаралық ұйымдардың бастамашылық жасаған ТЖ саласындағы ғаламдық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға республиканың белсенді қатысуы қамтамасыз етілмейді.

Қазақстанның авариялық-құтқару құрамалары шетелдердегі ТЖ жоюға іс жүзінде қатыспайды. Мұндай қатысу отандық құтқарушылардың беделі мен кәсібилігін

көтеруге мүмкіндік берер еді, олардың жаңа әдістер мен технологияларды белсенді игеруіне ықпал етер еді.

Қазақстанның басқа елдерге ізгілік көмек көрсету тетігі жолға қойылмаған және қажетті нормативтік құқықтық және қаржылық қамтамасыз етілмеген. Беделді халықаралық ұйымдардың, әлемнің дамыған елдерінің ізгілік құрылымдарымен өзара тиімді кооперация тәжірибесі бекітуді қажет етеді.

Қазақстанның қауіпсіздікті қамтамасыз етудің халықаралық және мемлекетаралық жүйесіне кірігуі Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің белсенді жәрдемдесуін қажет етеді.

3.15. ТЖ және АҚ саласындағы нормативтік құқықтық база

Қазіргі уақытта ТЖ-нің алдын алу мен оларды жою саласында тұтастай алғанда, осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеуге мүмкіндік беретін белгілі бір нормативтік құқықтық база қалыптасқан. Сонымен бірге, ТЖ-ны жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тартылатын құтқарушылар мен азаматтарды сақтандыру және әлеуметтік қорғау сияқты бағыттарда қажетті практикалық іске асырылмаған. Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің міндетті техникалық және технологиялық нормаларынан тұратын нормативтік құқықтық актілердің негізгі бөлігі әзірленбеген. Министрліктің ТЖ туындаған жағдайда зардап шеккен халықты дереу (1-2 тәулік ішінде) қамтамасыз ету үшін қажетті жедел резервін құру бойынша нормативтік құқықтық негіз жоқ. Республиканың сейсмикалық қауіпті өңірлерінде қиратушы жер сілкіністерінің алдын алу мен олардың салдарын жоюды құқықтық реттеу мәселесі шешуді талап етіп отыр.

Қазақстанда мемлекеттік билік деңгейлерінің арасында өкілеттіктердің ара жігін ажырату, мемлекеттік органдардың функциялары мен өкілеттіктерін орталықсыздандыру, мемлекеттің жекелеген бақылаушы функцияларын алып тастау, сондай-ақ қызметтің лицензияланған түрлерін шектеу саласында реформалар жүргізу ТЖ және АҚ саласындағы қолданыстағы заңнаманың мемлекеттік органдардың осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеуі жөніндегі өкілеттіктерінің шеңбері мен көлемін нақтылау бөлігіндегі нормаларды жетілдіруді болжайды.

Қазіргі заманғы технологиялар мен әлеуетті-қауіпті өндірістерді тиісті енгізумен ел экономикасының өнеркәсіптік блогын дамытудың жедел қарқыны өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қайта қарауды талап етеді.

Тұтастай алғанда, ТЖ және АҚ саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру оны өзгерген әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайларға сәйкес келтіру, ТЖ саласындағы реттеудің, оның ішінде ТЖ-дан сақтандыруды тиімді қолдану есебінен экономикалық тетіктерін күшейту авариялардан, апаттардан және дүлей зілзалардан зардап шеккен адамдарды, оларды жоюға қатысқандарды, оның ішінде

кәсіби құтқарушыларды құқықтық және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудің көкейкесті қажеттілігі пісіп-жетілді.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты - ТЖ-дан Қазақстан Республикасының халқын, объектілерін және қоршаған ортасын қазіргі заманғы зақымдаушы құралдар мен террористік актілердің салдарынан қорғау, олардың алдын алу мен оларды жоюға арналған күштер мен құралдарды дамыту жүйесінің тиімділігін одан әрі жетілдіру және арттыру.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін:

ТЖ алдын алу мен оларды жою саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін, осы саладағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
елдің АҚ жүйесін реформалау;

дүлей зілзалалардың, авариялардың және апаттардың алдын алу жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру, ТЖ саласындағы бақылау және рұқсат беру жүйесін жетілдіру, табиғи және техногендік қауіптерден сақтандыруды дамыту;

ТЖ-ға жедел ден қою күштерінің, экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жасау тиімділігін арттыру, апаттық медицинаны күшейту;

ТЖ саласындағы мониторинг, болжау және ғылыми зерттеулер жүйесін құру, ТЖ және АҚ ақпараттық-коммуникациялық жүйесін дамыту;
мемлекеттік материалдық резерв жүйесін жетілдіру;

халықты оқытудың, ТЖ және АҚ саласындағы мамандарды даярлау мен біліктілігінен арттырудың тиімді жүйесін қалыптастыру;

авариялардың, апаттардың және дүлей зілзалалардың алдын алу, АҚ және терроризммен күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелерін шешу қажет.

Осы бағдарлама шеңберінде шешілетін проблемалардың ауқымы, республикалық және жергілікті бюджеттердің мүмкіндіктерімен және мемлекеттік басқару деңгейлерінің арасында өкілеттіктерді қайта бөлу процесімен әзірленетін шараларды үйлестіру қажеттілігі оның іске асырылуын үш орта мерзімді кезеңге негіздейді:

бірінші кезең: 2007 - 2009 жылдар;

екінші кезең: 2010 - 2012 жылдар;

үшінші кезең: 2013 - 2015 жылдар.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

Бағдарламаны іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

ТЖ алдын алу мен оларды жою саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру;

нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
елдің АҚ жүйесін реформалау;
табиғи сипаттағы ТЖ-дан Қазақстан Республикасының халқы мен аумағын қорғау;
техногендік сипаттағы ТЖ-дан халық пен аумақты қорғау;
халықты, стратегиялық, аса маңызды мемлекеттік объектілер мен тыныс-тіршілікті
қамтамасыз ету объектілерін террористік актілердің салдарынан қорғау;
ТЖ-ны жоюдың және террорға қарсы қызметті авариялық құтқарумен қамтамасыз
етудің жедел күштері мен құралдарын, АҚ күштерін қалыптастыру, жарақтандыру
ж ә н е д а й ы н д а у ;

мемлекеттік материалдық резервті жетілдіру;
ТЖ мен АҚ саласындағы бақылау және рұқсат беру жүйесі;
табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-дан сақтандыру;
апаттық медицинаны дамыту;
халықты оқыту мен кадрларды даярлау;
табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ саласындағы мониторинг, ғылымды және
жаңа технологияларды дамыту;
ақпараттандыру, байланыс, хабардар ету;
ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою саласындағы халықаралық ынтымақтастық
ж ә н е х а л ы қ а р а л ы қ қ ы з м е т .

Бағдарламаны орындау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, оны іске
асыру жөніндегі іс-шаралардың орта мерзімді (үш жылдық) жоспарлары арқылы
жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаның кешенді іске асырылуы табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ның
алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік басқарудың орталық және
жергілікті органдарының қызметін үйлестіруді, сондай-ақ елдің АҚ жүйесін
реформалауды білдіреді.

Бағдарламаның іс-шаралар жоспарларының орындалуы мен белгіленген
көрсеткіштерге қол жеткізу барысын бақылауды Қазақстан Республикасының Үкіметі
жүзеге асыратын болады.

5.1. ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру

Республикадағы ТЖ басым көпшілігі объективті және жергілікті сипатқа ие екендігі
ескеріле отырып, республиканың әрбір ауданында (қаласында) және облысында осы
аумақтағы бар қатерлерге барабар, олардың салдарының алдын алу мен оларды жоюға
қабілетті, жеткілікті жарақтандырылған және жан-жақты дайындалған жүйе құрылатын
б о л а д ы .

Бұл ретте, халықты тиімді қорғау үшін барлық қажетті жағдайды жасау мақсатында

жергілікті атқарушы органдар ведомстволық бағынысты аумақтардың табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ға бейімділігін, олардың ықтимал ауқымын егжей-тегжейлі бағалауды, қауіпті азайту және олардың салдарын жеңілдету жөніндегі іс-шараларды (жеткілікті қаржылай қамтамасыз етумен) әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз етеді , материалдық-техникалық және басқа да ресурстардың жергілікті қорларының ж е т к і л і к т і к ө л е м і н ж а с а й д ы .

Өңірлік және ғаламдық сипаттағы ТЖ жою кезінде салааралық өзара іс-қимылды үйлестіру, іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарының күрделі түрлерін жүргізу, жергілікті құрылымдардың іс-әрекеттеріне қолдау көрсету үшін әрқайсысының жауапкершілік аймағына бірнеше облыстың аумағын қоса отырып, Министрліктің өңірлік орталықтарын құру мәселесін пысықтау қажет. Министрліктің осы орталықтары бір мезгілде елдің АҚ басқару жүйесінің өңірлік бөлігі болып табылады.

Мемлекеттік басқарудың республикалық деңгейіне өңірлік және ғаламдық сипаттағы ТЖ-ға ден қоюды үйлестіру (ұйымдастыру), сондай-ақ ТЖ-ның алдын алу жөніндегі ірі жобаларды (бөгеттерді күшейту, селден қорғау және ірі гидротехникалық құрылыстарды салу) іске асыру бекітілетін болады. Бұл ретте, ТЖ саласындағы уәкілетті орган, негізінен, стратегиялық функцияларды, өңіраралық үйлестіруді және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады. Жалпымемлекеттік мүдделерде ТЖ-ға бірыңғай мониторинг, жалпы проблемаларды ғылыми зерттеу және ТЖ және АҚ саласындағы мамандарды бір орталықтан даярлау жүргізілетін болады. Республикалық деңгейде халықаралық құтқару операциялары мен ерекше қауіпті авариялық-құтқару жұмыстары орындалады, мамандандырылған инженерлік жұмыстар , құтқарушыларды оңалту, ТЖ-дан зардап шеккендерге медициналық көмектің күрделі тү р л е р і н к ө р с е т у жү р г і з і л е д і .

ТЖ және АҚ-ның жергілікті, өңірлік және республикалық құрылымдары қосарлы ақпарат арналарымен тәулік бойы бір-бірімен байланыста болады және "электронды Үкімет" желісіне шыға отырып, бірыңғай ақпараттық-басқару компьютерлік желісіне біріктіріледі. Бұл қысқа мерзімде құрылымдардың барабар өзара іс-қимылын көлденеңінен де (аудандардың, облыстардың бір-біріне көмек көрсетуі) тігінен де (бірінші кезекте, Министрліктің күштерімен ауданға облыстың, облысқа республиканың көмек көрсетуі) ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

5.2. Елдің АҚ жүйесін реформалау

Елдің АҚ жүйесі стратегиялық ұтқырлық, ақылға қонымды жеткіліктілік және әмбебаптық қағидаттарына сәйкес реформаланатын болады.

Бағдарламаны іске асырудың бірінші кезеңі (2007 - 2009 жылдар) барысында м ы н а л а р к ө з д е л е д і :

АҚ басқару органдарының, күштерінің және қызметтерінің жүйесін реформалауды,

АҚ саласындағы орталық және жергілікті атқарушы органдардың аумақтық органдарының арасында өкілеттіктердің ара жігін ажырату процесін аяқтауды, АҚ әскери бөлімдерін келісім-шарт бойынша әскери қызметшілермен жасақтау жүйесіне көшуді қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық және әдістемелік құжаттарға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

қалаларды АҚ бойынша топтарға және объектілердің санаттылығына байланысты, оның ішінде жеке қорғануға қажетті құралдардың, қорғану құрылыстарының, барлау құралдарының және АҚ-ның мұқтаждары үшін қажетті басқа да қорлардың санын нақтылау, ірі ТЖ және ықтимал әскери қақтығыстар болған жағдайда зардап шеккен халықтың тыныс-тіршілік ету әрекетін қамтамасыз ету жоспарларын дайындау негізінде халық пен аумақты қорғау жөніндегі АҚ іс-шараларының қажетті кешенін әзірлеу;

батыс өңірде АҚ әскерлерінің құтқару орталығын құру мәселесін пысықтау; барлық деңгейдегі жоспарларды қайта әзірлеу, АҚ басшы қызметкерлерін АҚ басқару органдары мен құрамаларына бекіту, АҚ басқару жүйесінің орнықтылығын арттыру жөніндегі, оның ішінде басқару пункттерінің, автоматтандырылған кешендер мен ақпарат беру құралдарының сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі, ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру арқылы АҚ басқару жүйесінің тиімділігін арттыру;

шешімдер қабылдауды ақпараттық қолдаудың бағдарламалық кешендерін әзірлеу және басқарудың барлық деңгейіне енгізу, АҚ басқару органдарын жеткілікті техникалық құралдармен жарақтандыру;

стратегиялық, аса маңызды мемлекеттік объектілер мен тіршілікті қамтамасыз ету объектілері құжаттамаларының сақтандыру қорын жасау;

орталық және жергілікті атқарушы органдар үшін басқарудың жұмылдыру пункттерін құру;

жеке қорғану құралдары мен АҚ басқа да мүлкінің қорларын оңтайлы көлемге дейін жеткізу, қауіп кезеңінде сақтау базасынан қазіргі заманғы зақымдау құралдары неғұрлым ықтимал қолданылатын елді мекендерге тез ауыстыру жөніндегі логикалық операциялардың тетіктерін пысықтау;

басқарудың қосалқы пункттеріне түгендеу жүргізу және оларды қалпына келтіру мен жаңғырту жөніндегі техникалық шешімдердің кешенін әзірлеу;

қорғаныс құрылыстарының (оның ішінде, қорғаныс құрылыстарына қайта жабдықтауға болатын жер асты қоймаларының және үй-жайлардың, метроның) жай-күйіне тұрақты мониторинг ұйымдастыру, оларды жөндеуді және қазіргі заманғы талаптарға сәйкес қайта жабдықтауды жүзеге асыру;

халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін маңызды объектілердің тізбесін қалыптастыру және оларды паспорттауды жүргізу;

зардап шеккендердің уақытша тұру лагерлерін орналастыру бойынша

жабдықталған алаңдарды жасау және ықтимал ірі ауқымды ТЖ жағдайына халықтың тыныс-тіршілігін бірінші кезекте қамтамасыз ететін құралдардың қорын жинау.

Екінші кезеңде (2010 - 2012 жылдар) мыналар жоспарланады:

АҚ жоспарларын, хабардар ету және ТЖ объектісінен бастап қоса алғанда уәкілетті органға дейінгі өзара іс-қимыл жоспарларын әзірлеуді аяқтау;

республиканың батыс өңіріндегі АҚ әскерлерінің құтқару орталығын техникамен және жабдықпен жарақтандыруды аяқтау;

АҚ әскери бөлімдерін келісім-шарт бойынша әскери қызметшілермен жасақтауды жалғастыру;

АҚ-ның қазіргі бөлімдерін осы заманғы техникамен және жабдықпен жарақтандыруды жалғастыру;

жергілікті атқарушы органдарда АҚ-ның ұтқыр басқару пункттерін құруды аяқтау;

АҚ басқару органдарына шешімдерді ақпараттық қолдаудың бағдарламалық кешендерін және неғұрлым маңызды объектілерге арналған құжаттаманы сақтандыру қорын енгізуді жалғастыру;

жеке қорғаныс құралдарының, барлау құралдары мен АҚ-ның басқа да мүлкінің жеткілікті қорын жасауды аяқтау;

бірінші кезекте тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету құралдарының қорларын жасауды және ықтимал ТЖ кезінде зардап шеккен халыққа арналған мүмкін болатын лагерлер құру үшін жабдықталған алаңдарды дайындауды аяқтау.

Бағдарламаны іске асырудың үшінші кезеңінің барысында (2013 - 2015 жылдар) мыналар көзделеді:

АҚ басқару органдары мен күштерінің оқып-үйренуі мен жаттығуларын компьютерлік жүргізу жүйесін құру;

нормативтік құқықтық және әдістемелік құжаттарға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

АҚ құрамаларын кезең-кезеңмен жарақтандыру бағдарламасын қабылдау; соғыс уақытында тез тұрғызылатын баспаналарды салудың үлгі жобалары мен жоспарларын әзірлеу;

белгіленген нормативтерге дейін АҚ-ның құтқару орталықтары мен қайта қалыптасатын әскери бөлімдерін қазіргі заманғы техникамен және жабдықпен толық жарақтандыру;

АҚ басқару пункттерін АҚ бастықтары қабылдаған шешімдерді ақпараттық қолдаудың бағдарламалық кешендерімен және неғұрлым маңызды объектілерге арналған құжаттаманы сақтандыру қоры бар жұмыс аппаратурасымен жарақтандыру.

5.3. Қазақстан Республикасының халқы мен аумағын табиғи сипаттағы ТЖ-дан қорғау

Мынадай: ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикалыққа қарсы орнықтылығын күшейту, гидроқұрылыстар сенімділігін арттыру, селге қарсы, қар көшкініне қарсы, сырғымаға қарсы құрылыстар мен жағалауды қорғау құрылыстарын салу сияқты инженерлік іс-шараларды жүргізу табиғи сипаттағы ТЖ алдын алу мен оған дайындықты қамтамасыз ету қызметінің басты басымдығы болып табылады. Жобалау және құрылыс-монтаж жұмыстарының кешенін орындау үшін мамандандырылған ұйым құру болжанады. Сондай-ақ ТЖ мен АҚ-ның алдын алу саласындағы тиісті нормативтік құжаттарды әзірлеу белгіленген.

Қауіпті аумақтарда құрылыс салуға тыйым салу мен қауіп аймағынан тұрғындарды көшіру шаралары қабылданатын болады, дүлей зілзалалардан заңды және жеке тұлғаларды ерікті сақтандыруды дамытуға мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Қиратушы жер сілкіністерінен халықты қорғау жөніндегі мәселелерге ерекше көңіл бөлу жоспарлануда. Ғимараттарды сейсмикалыққа қарсы күшейтумен қатар жер сілкіністерін болжау бойынша жаңа тәсілдер мен әдістердің негізінде ғылыми зерттеулер жүйесі дамитын, қадағалау желісі кеңейтілетін, халықты хабардар етудің автоматтандырылған жүйесі құрылатын, олардың материалдық-техникалық базасын және штат санын нығайту, кәсіби шеберлігін жетілдіру арқылы республиканың әрбір сейсмикалық қауіпті өңірінде барлық авариялық-құтқару күштерінің жедел дайындығы арттырылатын болады.

ТЖ мониторингі бірыңғай жүйесінің құрамында Қауіпті табиғи құбылыстар мониторингінің орталығын құру, мониторинг нәтижелерін сандық өңдеу үшін деректерді дереу беретін автоматтандырылған қадағалау пункттерін енгізу белгіленіп отыр.

Аса қауіпті инфекциялардың табиғи ошақтарында тұратын және жұмыс істейтін халықты вакцина салумен қамту қамтамасыз етілетін болады, ветеринарлық қызметтің және шекарадағы ветеринарлық бақылау бекеттерінің жұмысын жақсарту жөнінде іс-шаралар жүргізіледі. Мемлекеттік шекарадағы санитарлық-карантиндік бекеттерінің жұқпалы аурулардың алдын алу мен оларға қарсы күрес, оларды, оның ішінде құс тұмауын сырттан әкелінуінің алдын алу бойынша жұмысының тиімділігін арттыру болжанып отыр.

5.4. Халықты және аумақты техногендік сипаттағы ТЖ-дан қорғау

Халықты және аумақты техногендік сипаттағы ТЖ-дан қорғау мақсатында бағдарламада мыналар көзделеді:

мониторинг жүйесін дамыту және техногендік аварияларды болжау;
өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өндірістік бақылаудың рөлін арттыру,
мемлекеттік бақылауды жетілдіру және дамыту;
өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқаруда машиналар мен жабдықтардың республиканың

нормалары мен талаптарына сәйкестігін растау тетіктерін, басшылар мен персоналдарды даярлау мен аттестаттауды тиімді пайдалану;
қауіпті өндірістік объектілер қауіпсіздігін декларациялау рәсімдерінің міндеттілігін қамтамасыз ету, бұл жұмысқа жергілікті атқарушы органдарды белсенді түрде тарту;
өндірістерді жаңғыртуға, қауіпті өндірістік объектілерді дамытуға және техникалық қайта жарақтандыруға жәрдемдесу;
бірінші кезекте Каспий теңізінің жағалауындағы су астында қалған учаскелердегі ұнғымаларды жою және консервациялау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылау;
өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттің бірыңғай ғылыми-техникалық саясатын және қоғамдық сананың жаңа деңгейін әзірлеу;
өртке қарсы қызметтің ұйымдастырушылық қағидаттары мен техникалық құралдарын жетілдіру.
ТЖ саласындағы уәкілетті орган орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдар мен кәсіпорындар басшыларының:
ықтимал техногендік ТЖ-ның сценарийлерін болжау және техникалық қатерлердің республикалық, аумақтық, объектілік болжау карталарын жасау;
экономика салаларында және аумақтық белгісі бойынша мониторинг және техникалық қауіп-қатерлерді басқару жүйелерін құру;
басқару процестерін бағдарламалық қамтамасыз етуді қалыптастыру және ақпараттық қамтамасыз етуді дамыту, ТЖ саласындағы техникалық қатерлерді болжау және олардың мониторингі;
трансшекаралық салдарымен техногендік ТЖ-ның алдын алу жөніндегі мемлекеттік реттеу жүйесін дамыту;
техникалық реттеу және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік қорын қалыптастыру;
өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында техникалық реттеу жүйесін құру және дамыту;
көліктегі қауіпсіздіктің қажетті деңгейіне қол жеткізу бойынша кешенді шаралар жүргізу;
өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру жөніндегі іс-шараларды үйлестіреді.
Республикадағы өрт жағдайын тұрақтандыру, олардың санын азайту, елді мекендер мен шаруашылық жүргізуші объектілердегі өрт қауіпсіздігінің жоғары деңгейін ұстау мақсатында Бағдарламада мыналар көзделеді:
жобалау, құрылыс салуға жер учаскелерін бөлу кезінде, құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау кезінде өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелерін сақтауды қамтамасыз ету;

республиканың өрт сөндіру қызметінің кадрлық құрамын және материалдық-техникалық базасын күшейту.

Республиканың мемлекеттік орман қорының өртке қарсы жай-күйін жақсарту мақсатында алдын алу іс-шаралары кешені іске асырылады. Орман алқаптарына жақын тұратын жергілікті халықтың қатарынан ерікті өрт сөндіру құрамалары ұйымдастырылады, қашықтықтан барлаудың ғарыштық жүйесін пайдалана отырып, ормандардың өрт қауіпсіздігінің мемлекеттік мониторинг жүйесі құрылды.

Дала өрттерінің санын азайту үшін егіс жұмыстарын жүргізу кезінде шаруа қожалықтарының өрт қауіпсіздігі ережелерін орындауларын бақылауды қатайту жөнінде шаралар қабылданады.

Техногендік сипаттағы ТЖ-дан халық пен аумақты қорғау саласындағы негізгі мақсаттарға қол жеткізу мен басты міндеттерді шешудің мынадай дәйектілігі көзделеді:

1-кезеңде (2007 - 2009 жылдар):

өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында нормативтік құқықтық және әдістемелік базаны дамыту және жетілдіру;

қазіргі заманғы техникалық және технологиялық талаптарды ескере отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздік, техногендік ТЖ-ның алдын алу саласындағы техникалық регламенттер мен ережелерді әзірлеу;

сертификаттау, аккредиттеу, басшылар мен қызметшілерді даярлау мен аттестаттау, қауіпті өндірістік объектілер иелерінің жауапкершілігін сақтандыру рөлін арттыру;

өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өндірістік бақылау мен қоғамдық үкіметтік емес ұйымдардың рөлін арттыру;

қауіпті өндіріс объектілерінің жұмыс істеу қауіпсіздігін декларациялау рәсімдерін жетілдіру.

2-кезеңде (2010 - 2012 жылдар):

техникалық қатерлерді басқару, болжау және мониторингілеу процестерін бағдарламалық әзірлеу және ақпараттық қамтамасыз етуді дамыту;

өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы техникалық реттеу жүйесін одан әрі дамыту;

техногендік, оның ішінде трансшекаралық салдары бар ТЖ-ның алдын алу мен олардан қорғану мәселелерін халықаралық реттеу жүйесіне біріктіру;

3-кезеңде (2013 - 2015 жылдар):

ықтимал техногендік ТЖ сценарийлерін ғылыми негізде болжау және техникалық қатерлердің республикалық, аумақтық, объектілік болжау карталарын жасау;

техногендік, оның ішінде трансшекаралық салдары бар ТЖ-ның алдын алу мен олардан қорғану мәселелерін халықаралық реттеу жүйесіне біріктіру бойынша іс-шаралар жүргізілетін болады.

5.5. Террористік актілердің салдарынан халықты қорғау

Болуы мүмкін терроризм актілеріне және экстремизмге дайындықты қамтамасыз ету мақсатында террористік құрамалар мен олардың элементтерінің әрекеттері үшін ықтимал мақсаттары болып табылатын объектілері бойынша біріктірілген дерекқорды құру болжанып отыр. Мұндай объектілерді мүмкін болатын қасақана қиратуға жеделден қою үшін құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының электронды жоспарларын құра отырып, осы ТЖ салдарынан туындайтын компьютерлік моделдер әзірленетін болады.

Террорға қарсы қызметті тиімді авариялық құтқарумен қамтамасыз ету мақсатында бағдарламада мыналар көзделеді:

басқару және хабардар ету жүйелерін жетілдіру, инженерлік, радиациялық, химиялық және медициналық-биологиялық қорғану іс-шараларын іске асыру;

террористік актілер қаупі кезінде және олардың салдарын жою кезінде авариялық-құтқару күштері мен құралдарын жедел орналастырудың тиімді жүйесін құру;

құтқарушыларды дайындау жүйесіне (шетелде оқытуды қоса алғанда) терроршылар қазіргі заманғы зақымдау құралдарын қолданған жағдайда іс-қимыл жасауға үйретуді енгізу;

террористік актілердің салдарын жою кезінде Министрліктің басқару қызметтері мен органдарының басқа әлуетті құрылымдармен тұрақты өзара іс-қимылдарын пысықтау.

5.6. ТЖМЖ-нің жедел күштерін құру, жарақтандыру және дайындау

Материалдық және қаржылық шығындарды барынша азайту үшін жергілікті жерлерде, оның ішінде өрт сөндіру бөлімдері мен бөлімшелерінің негізінде олардың ғимараттарын, құрылыстары мен техникалық базаларын пайдалана отырып, Министрліктің авариялық-құтқару қызметтерін құру жоспарлануда. Бұл мақсаттар үшін оларды мамандандырылған техникамен, керек-жарақпен жарақтандыру, өрт сөндірушілерді құтқарушылар мен парамедиктердің дағдыларына оқып-үйрету қажет.

Республика аумағындағы нақты жағдайлар мен мүмкіндіктерге байланысты жергілікті сипаттағы ТЖ-ға ден қоюдың жеделдігін арттыру үшін жеке құрамын авариялық-құтқару, оның ішінде суда құтқару жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізу бойынша іс-қимыл жасауға үйрете отырып жергілікті атқарушы органдардың ұтқыр инженерлік қорғау жасақтарын құру көзделеді.

Жедел-құтқару қызметкерінің республиканың барлық аумағында бірыңғай телефон нөмірі болады.

Министрліктің жедел-құтқару күштері мен құралдарын, олардың жоғары және аса

күрделі авариялық-құтқару жұмыстарын орындау, шалғай және баруы қиын жерлерде зардап шеккендерді іздестіру, сондай-ақ халықаралық ізгілік акцияларына қатысу бағытында дамыту белгіленді. Мұндай функцияларды орындау үшін олар мамандандырылған техникамен және керек-жарақпен жарақтандырылады, жоғары білікті кадрлармен толықтырылады. Қарапайым іздестіру-құтқару топтарымен қатар олардың құрамына радиациялық-химиялық, сүңгуір, кинологиялық бөлімшелерін енгізу жоспарлануда. Күштер мен құралдарды ТЖ болған жерлерге уақтылы жеткізу үшін жедел-құтқару жасақтары мамандандырылған тікұшақтармен жарақтандырылады. Орманды және далалық аудандарда Министрліктің жедел-құтқару күшін де өрт сөндіретін тікұшақтармен және ұшақтармен жарақтандыру болжанады.

Өртке қарсы қызметтің тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін өртке қарсы қызметтің жеке құрамының санын кезең-кезеңмен ұлғайту (әсіресе селолық елді мекендерде), қосымша бөлімшелер құру және өрт сөндіру депосының құрылысын салу (нормативтік құжаттармен регламенттелетін бөлімшелердің шығу радиусына сәйкес), авариялық-құтқару жабдығымен, сондай-ақ негізгі, арнайы және көмекші өрт сөндіру техникасымен (оның ішінде мұнай ұңғымаларындағы өрттерді сөндіруге арналған) жарақтандыру жөніндегі кешенді шараларды іске асыру жоспарлануда.

Өртке қарсы қызметі жоқ дала алқаптары мен шалғай селолық елді мекендерде 523 тірек пункттерін құру арқылы өрттерді сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі мәселені ш е ш у б о л ж а н ы п о т ы р .

Өрттерді сөндірудің тиімділігін арттыру мақсатында аз қайталама шығындар келтіретін өрт сөндіру құралдары пайдаланылады. Елді мекендерде сыртқы өрт сөндіру су құбырларын техникалық жарамды күйге келтіру жөнінде шаралар қабылданады.

Кемелердегі, танкерлердегі, паромдардағы, платформалардағы болуы мүмкін өрттер мен аварияларды ойдағыдай жою және адамдар мен жабдықтарды құтқаруды ұйымдастыру, мұнай өндіру және оны тасымалдау орындарында мұнай өнімдері төгілген жерлерді қоршау үшін, апатқа ұшыраған әуе және теңіз кемелерін іздестіру және құтқару, арнайы суасты техникалық жұмыстарын жүргізу үшін әртүрлі сыныптағы тиісті кемелермен және авариялық-құтқару және өрт-техникалық қарулармен жарақтандыра отырып, мамандандырылған теңіз авариялық-құтқару ж а с а ғ ы н қ ұ р у б о л ж а н а д ы .

Бұдан басқа, әртүрлі ТЖ-ны жою және өзен айдындарында адамдарды құтқару жөніндегі міндеттерді ойдағыдай шешу мақсатында жедел күштерді тез жүретін катерлермен, сүңгуір және басқа да жабдықпен жарақтандыру көзделеді.

Тау-кен құтқару, газдан құтқару, атқыламаға қарсы қызметтердің жауынгерлік дайындығын дамыту және арттыру, қолда бар әлеуетті орталықтандыру, орындалатын жұмыстар аясын кеңейту, аумақты және халықты ТЖ-дан қорғау жөніндегі міндеттерді орындауға жұмыстардың бұл түрлеріне мемлекеттік тапсырысты енгізу арқылы оларды тарту негізінде жүзеге асырылады. Осы кеңейтілген функцияларды орындау үшін

олардың материалдық-техникалық базасын нығайту белгіленді.

Ғимараттар мен құрылыстарды салу, қайта жаңғырту және күрделі жөндеу арқылы ТЖ-ға шұғыл ден қою күштерінің әкімшілік-қызметтік қорының жай-күйі жақсартылатын болады.

Қазіргі заманғы құтқару құралдарымен жарақтандыра және тиісті станцияларды сала отырып су-құтқару қызметтерін одан әрі дамыту болжанып отыр.

Бірінші кезеңде (2007 - 2009 жылдар) республиканың өрт сөндіру қызметтерінің, кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының табиғи және техногендік ТЖ-ның теріс салдарын, соның ішінде радиоактивтік, химиялық, биологиялық зақымдануды жоюға жедел дайындығын арттыру, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту, құтқарушыларды әлеуметтік қорғау және сақтандыру жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын болады. Қауіпті өндірістік объектілердегі авариялардың алдын алу жөніндегі әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметтері мен құрамалары жүргізетін алдын алу жұмыстарының деңгейін едәуір арттыру белгіленді.

Екінші кезеңде (2010 - 2012 жылдар) АҚ-тың өрт сөндіру қызметтері, кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрамалары, әскери бөлімдері жоғары және аса күрделі жұмыстарды, сондай-ақ халықаралық ізгілік акцияларын орындау үшін дайындалған жоғары білікті мамандармен толықтырылады, мамандандырылған тікұшақтармен және жаңа техникамен жарақтандырылады.

Үшінші кезеңде (2013 - 2015 жылдар) ТЖМЖ жедел ден қою күштерін жетілдіру жөніндегі жоғарыда аталған барлық іс-шараларды аяқтау жоспарланады.

5.7. Мемлекеттік материалдық резерв жүйелерін жетілдіру

Мемлекеттік материалдық резервтер жүйесін дамытудың басты бағыты оны ірі ауқымды ТЖ туындаған жағдайдағы азаматтық халықтың мұқтаждарына, көші-қон процесінде болатын жаңа экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайларға сәйкес келтіру болады.

Бұл мақсаттар үшін номенклатура және материалдық құндылықтарды сақтау көлемі, сақтау базаларының құрылымы және географиялық орналасуы қайта қаралатын болады.

Тауар материалдық құндылықтарды қалыптастыру және сақтау рәсімдерін жақсарту, сақтау базаларынан шығарудың процестерін жеделдету үшін оларды қалыптасқан азаматтық-құқықтық қатынастар жүйесіне бейімдеу, бұл рәсімдерді халықаралық сапа стандарттарының жүйесіне ауыстыру; қазіргі заманғы ақпараттандыру және байланыс құралдарын енгізе отырып, мемлекеттік материалдық резервті есепке алу мен бақылаудың республикалық автоматтандырылған жүйесін құру, оның жұмысының нормативтік құқықтық базасын жетілдіру болжанады.

Жергілікті атқарушы органдардың шұғыл резервтерінің көлемі арттырылады және

номенклатурасы сол немесе басқа аумақтағы болуы мүмкін жергілікті ауқымдағы аварияларды, апаттар мен дүлей зілзалаларды жою жөніндегі іс-шараларды жүргізуі үшін жеткілікті мөлшерге дейін кеңейтіледі. Оларды сақтау мемлекеттік материалдық резервтің жақын жатқан базасында ұйымдастырылады. Бұл ретте, жергілікті резервтерді пайдалануды тиісті аумақтық бірліктері әкімдерінің шешімдері бойынша ғана жүзеге асыру белгіленді.

Сондай-ақ зардап шеккен халықты кідіріссіз (1-2 тәулік ішінде) қамтамасыз ету үшін қажетті Министрліктің жедел резервін құру бойынша нормативтік құқықтық негіз әзірлеу жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Министрліктің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті "Резерв" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының сақтау филиалдарын аумақтарға орналастыруды оңтайландыру жүргізу жоспарлануда. Республиканың батыс, оңтүстік батыс өңірлерінде филиалдардың құрылысын салу жүзеге асырылады. Жұмыс істеп жатқан сақтау филиалдарын қайта құру және жаңғырту болжанады.

Пайдалану шығыстары аз қазіргі заманғы экологиялық қауіпсіз сақтау технологиялары енгізілетін, ал сапа зертханалары, менеджмент және еңбек қорғау жүйелері ИСО 9000 және 14000 сериялы халықаралық стандарттарға сәйкестендіріледі. Сақтау базаларының қауіпсіздік және тіршілік ету жүйелері олардың дербес жағдайда үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Бақылау датчиктерінен алынған және рұқсат берілмеген іс-қимылдардан қорғанудың бірнеше дәрежесі бар деректерді бір рет енгізу қағидаты бойынша жұмыс істейтін есепке алудың автоматтандырылған жүйесі құрылатын болады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс, Ішкі істер министрліктерінің және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері мен ұйымдарын мемлекеттік материалдық резервтер базаларынан шығарылатын тамақ өнімдерімен, дәрі-дәрмекпен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жабдықтауды жүзеге асыру болжанады. Бұл сұраныс пен ұсыныстардың нарықтық және маусымдық ауытқуларына қарамастан мемлекеттік бюджет үшін ең төменгі қаржы шығындарымен мемлекеттік резервтегі олардың қорларына уақтылы жаңарту жүргізуге мүмкіндік береді.

Осы шаралардың барлығы мемматрезерв қызметінің нормативтік құқықтық базасы мен әдістемелік қамтамасыз етілуін жетілдірумен бірге жүргізілетін болады.

5.8. ТЖ және АҚ саласындағы бақылау және рұқсат беру жүйесі

ТЖ және АҚ саласындағы бақылау жүйесін жетілдіру мақсатында мынадай іс-шараларды іске асыру көзделеді:

өнеркәсіп, өрт қауіпсіздігі және АҚ саласындағы бақылау қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

ТЖ және АҚ саласындағы нормативтік құқықтық актілердің отандық базасын құру;

ТЖ және АҚ саласындағы салалық ғылыми-зерттеу орталықтарының материалдық-техникалық базасын нығайту;

су асты техникалық жұмыстары, өнеркәсіптік су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану, өнеркәсіптік кәсіпорындардың пайдалануындағы ғимараттар мен құрылыстардың техникалық жай-күйі саласына, тұрғын үйлер мен коммуналды-тұрмыстық ұйымдарда газды пайдалануға бақылау орнату;

инспекторлық құрамның штат санын тиістілік нормаларына дейін жеткізу; өндірісте және тұрмыста азаматтық халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту;

барлық меншік нысандарындағы ұйымдардың өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін, оның ішінде объектілерді жобалау мен құрылысы аяқталғанда пайдалануға қабылдау кезінде сақтауына, объектілерде өртке қарсы қызметтердің құрылуына жүзеге асырылатын бақылаудың деңгейін арттыру;

алдын алу жұмыстарын одан әрі жетілдіру, оны жүргізудің жаңа нысандары мен әдістерін іздестіру.

5.9. Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-дан сақтандыру

Бағдарламаны іске асыру барысында ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою аясындағы сақтандыру саласында нормативтік құқықтық база жетілдірілетін және осы бағыттағы ерікті сақтандыруды дамыту жөнінде шаралар қабылданатын болады. Осының нәтижесінде мемлекеттің зардап шеккендерге уақытша баспана, азық-түлік пен бірінші кезекте қажетті тауарларды беру жөніндегі кепілдіктерді ғана қалдырып, тұрғын үй және қаржылай көмекті өтеусіз беру практикасынан арылу мүмкіндігі туындайды, бұл өз кезегінде халықтың арасында ерікті сақтандыруды дамытуға ынталандыру болып табылады.

Сақтандыру сомасын объективті белгілеу үшін ықтимал әсер ету аймағын, азаматтардың өміріне, мүлкіне және қоршаған ортаға қатерлігін сандық өлшемдерін айқындай отырып, ТЖ туындау тәуекелін бағалау жүйесін әзірлеуге қатысты мәселелер шешіледі.

Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ қатерлерінен адамдардың өмірін, денсаулығы мен мүлкін сақтандыру жөніндегі сақтандыру ұйымдарының қызметіне аса қолайлылық режимін жасау мақсатында тиісті шараларды әзірлеу жоспарлануда. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың халық пен кәсіпкерлер үшін мұндай сақтандырудың сөзсіз пайдасы туралы кеңінен насихаттың науқанды жүргізуі мүмкіндіктері қарастырылады.

ТЖ-ны жоюға тартылатын құтқарушылар мен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау жөніндегі заңнамалық нормаларды іске асыру, олардың өмірі мен денсаулығын сақтандыру жөніндегі мәселелерді шешу белгіленді. Бұл құтқарушылардың білікті кадрларын сақтауда айтарлықтай рөл атқарады.

Бағдарламаны іске асыру кезінде құрылыс салу, пайдаланудағы ғимараттарды қайта жаңғырту және күшейту кезінде үй құрылысын салушылардың нормаларды, оның ішінде сейсмикалық орнықтылықты сақтаудағы жауапкершілігін күшейтетін шаралар, сондай-ақ олардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру көзделетін болады.

Көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру нәтижесінде ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою жүйесіндегі міндетті және ерікті сақтандыру жүйесі күшейтіледі.

5.10. Апаттық медицинаны дамыту

Ақылға қонымды жеткіліктілік қағидатын басшылыққа ала отырып, апаттық медицина қызметі құрылымдарын сол немесе өзге де аумақтарға тән ТЖ қатерлеріне сәйкес келтірумен ұтымды пайдалану белгіленеді.

Апаттық медицина қызметі жұмысының нормативтік құқықтық және ғылыми базасы жетілдіріледі, материалдық-техникалық, оның ішінде зертханалық және кадрлық әлеует нығайтылды, оның диспетчерлік қызметі орталықтандырылады, медициналық қорлар құру мен оны пайдалану, шұғыл медицина мамандарын дайындау, оны құқықтық қамтамасыз ету проблемалары шешіледі.

Жұмыс істеп тұрғандарын нығайту және Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарында және Алматы қаласында АМО құру жоспарланады.

БЖ аймағында зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету жеделдігін арттыру үшін АМО-ны ТЖ саласындағы уәкілетті органның құрылымына ауыстыру мүмкіндігін пысықтау көзделеді.

Сонымен қатар, бағдарламаны іске асыру кезінде: апаттық медицина ұйымдары мен құрамаларын авариялық-құтқару қызметінің құрамына қосу;

500 адамға арналған орталық ұтқыр госпиталін, 300 адамға арналған далалық жылжымалы госпиталін және тәулігіне 300 зардап шеккендерге арналған темір жол госпиталін ашу;

АҚ және ТЖ көлік қызметінің санитарлық-көліктік бөлімшелерін қалыптастыру жүйесін құру;

АҚ және ТЖ медициналық құрамаларына бақылауды ұйымдастыру; гуманитарлық ЖОО студенттері қатарынан АҚ және ТЖ медицина қызметкерлерін даярлау жүйесін құру;

ерікті санитарлық дружиналарды даярлау және оларды ТЖ жұмыстарына тарту жүйесін құру;

ЖОО-да және дипломнан кейінгі дәрігерлік және провизорлық құрамды дайындау факультеттерінде апаттық медицина кафедрасын ұйымдастыру мәселелерін шешу белгіленді.

5.11. Халықты оқыту және кадрлар даярлау

Қауіпсіз мінез-құлықтың жаңа таптаурындарын әзірлеу азаматтардың ТЖ-ның алдын алу мен оларды жоюға ерікті қатысуын сезінуінің қажеттілігін ескере отырып, халықты оқыту және даярлау ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін қайта құру қажет.

Бұл мақсаттарда насихаттық жұмыс жүргізудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарау және халықты ТЖ кезінде өзін-өзі ұстау мен іс-қимыл жасау ережелеріне оқытып-үйрету, халықты бағдарламалар, хабарлар, репортаждар топтамаларын жасау арқылы оқытып-үйретуде бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану, терроризмнің қаупі мен ол туындаған кезде өзін-өзі ұстау ережелерін оқытып-үйретуге назар аударуды күшейту, қоғамдық ұйымдардың ТЖ алдын алу мен оларды жоюға қатысуы үшін жағдай жасау қажет.

ТЖ мен АҚ саласында жоғары білікті кадрларды тиімді даярлау үшін басқару органдарын, АҚ әскерлерін, өрт сөндіру және іздестіру-құтқару құрамаларын тиісті мамандармен кепілді толықтырумен қамтамасыз етуге қабілетті оқытудың бірыңғай жүйесін құру қажет.

Бұл міндеттерді шешу мыналарды көздейді:

кадрлар даярлаудың көп деңгейлі жүйесін құру және дамыту;
оқыту процесін ұйымдастырудың осы заманғы әдістемелерін пайдалану және оқытындардың білім деңгейіне тиімді бақылау жүргізу;

ТЖМЖ басқару органдары, өрт сөндіру-құтқару қызметтері, АҚ әскерлері, Министрліктің іздестіру-құтқару құрамалары мен ұйымдары үшін тыңдаушылармен білім беру мекемелерін толықтыруды жүзеге асыру.

Кадрлар даярлаудың бірыңғай жүйесіне әрбір маманның белсенді қызмет жасауы кезеңінде ұдайы біліктілігін арттыра отырып, үздіксіз, көп жоспарлы және кешенді сипат беру қажет. ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою саласында мамандар даярлау бойынша шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастықты дамыту қажет.

Халықты оқыту мен кадрлар даярлаудың бірыңғай жүйесін жетілдіру және құру үшін мыналар көзделді:

Бірінші кезеңде (2007 - 2009 жылдар):

кәсіптік мектептердің, колледждердің және ЖОО-ның Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының оқу компонентіне "Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі" пәнін енгізу;
қоғамдық балалар-жасөспірімдер қозғалыстарын дамытуға, қызметі жастарды ТЖ іс-әрекеттеріне неғұрлым терең дайындауға бағытталған жазғы дала лагерьлерін құруға

қауіпсіз тіршілік етудің практикалық дағдыларын игеруге, зардап шеккендерді іздеу, құтқару және оларға көмек беруге қолдау көрсету;
терроризмнің қаупі мен көріністері кезінде халықты өзін-өзі ұстау ережесіне оқытудың нормативтік базасын әзірлеу;

Министрліктің Көкшетау техникалық институтының базасында ТЖ саласында мамандарды даярлау және қайта даярлау үшін Азаматтық қорғаныс академиясын құру.

Екінші кезеңде (2010 - 2012 жылдар):

даярлау жүйесіне қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды кеңінен енгізу, ТЖ-да өзін-өзі ұстау дағдыларын жетілдіру бойынша және Интернет жүйесін не жергілікті компьютер желілерін пайдалана отырып, "қашықтан" оқыту үшін оқыту бағдарламаларын, компьютерлік ойындар мен тренажерлар әзірлеу;

газеттер мен журналдардың беттеріне жаңа айдарлар енгізу, мерзімді басылымдар санын ұлғайту, телехабарлары бағдарламасына ТЖ кезінде өзін-өзі ұстау және іс-әрекет жасау ережелерін оқытып-үйрететін бағдарламалардың, хабарлардың, репортаждардың жаңа топтамаларын енгізу;

Үшінші кезеңде (2013 - 2015 жылдар) бұл салада әлемдік стандарттардың деңгейіне жету үшін жоғарыда аталған халықты оқыту мен кадрлар даярлау жүйесінің элементтерін жетілдіру және үйлестіру болжанады.

5.12. Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ саласындағы мониторинг, ғылым мен жаңа технологияларды дамыту

Республикада ғылыми-техникалық прогрестің осы заманғы талаптары мен деңгейіне жауап беретін ТЖ-ның ғылыми зерттеулері мен мониторингін тақырыптық қамту кеңейтіледі, елдің ТЖМЖ-сі мен АҚ жүйелерінің практикалық қажеттіліктерімен олардың байланыстары нығайтылады.

Осыған байланысты, осы Бағдарламаның шеңберінде ТЖ мен АҚ саласындағы жалпы проблемаларға ғылыми зерттеулер жүргізу, осы мақсаттарда Министрлік жүйесінде арнайы ғылыми орталық құру белгіленді.

Сейсмикалық қауіптілікті зерттеу мен оның мониторингі саласында республиканың сейсмологиялық мониторинг желісі кеңейтіледі, республиканың аумағын егжей-тегжейлі сейсмикалық аудандарға бөлу картасы құрастырылды, жер сілкінісін қысқа мерзімді болжаудың тиімді әдістерін іздестіру күшейтілді, жоғары дәлдікті геодезиялық қадағалауларды, жер қабатының қазіргі заманғы қозғалыстарын басқа да зерттеулерді қолдана отырып, мұнай мен газды қарқынды өндіру аймағындағы техногенді жер сілкіністерінің туындау қаупін зерттеу жалғастырылды.

Қауіпті табиғи құбылыстарға негізделген ТЖ қауіптеріне ғылыми бағалау және олардың қалыптасу шарттары бойынша Қазақстан аумағын аймаққа бөлу жүргізілетін болады. Қауіпті табиғи құбылыстар болжамдарының сапасы мен жеделдігін тиісінше

арттыра отырып, оның процестеріне автоматтандыруды енгізумен табиғи сипаттағы ТЖ мониторингін сапалы жетілдіру көзделеді.

Техногендік ТЖ-ның тиімді алдын алу мақсатында оларды болжаудың осы заманғы әдістемесі пайдаланылады, радиациялық, химиялық, бактериологиялық қауіптілік мониторингі ұйымдастырылады, радиоактивті материалдарды жинауды, қабылдауды, сақтауды, тасымалдауды және пайдаға асыруды бақылау күшейтіледі. Ғимараттар мен құрылыстардың конструкцияларының жай-күйін және қирау қаупін бағалау бойынша ұтқыр диагностикалық кешендерді енгізу көзделеді.

Қазақстан Республикасының барлық аумағы үшін қадағалау ТЖ жағдайын бақылау және болжау қызметтерін тиісінше дамытумен табиғи және техногендік қауіптіліктің бірыңғай мониторингін ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау белгіленді, мұнда басты рөл ғарыштан Жер бетін қашықтықтан барлау, бір мезгілде бірыңғай ақпараттық-коммуникациялық ортаны құра, ТЖ үшін мамандандырылған геоақпараттық жүйелерді әзірлей отырып, қазіргі заманғы басқа да құралдар мен мониторинг технологияларын қолдануға беріледі.

5.13. Ақпараттандыру, байланыс, хабардар ету

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қашықтықтан басқарушылық шешімдерін қабылдау және зардап шеккендерге тиімді көмек көрсету мақсатында ТЖМЖ ақпараттық-коммуникациялық жүйесі құрылатын болады.

ТЖМЖ ақпараттық инфрақұрылымдарының толыққанды жұмыс істеуі үшін бірінші кезеңде (2007-2009 жылдар):

ТЖМЖ ақпараттық-коммуникациялық ортасын дамытудың бірыңғай стратегиясын әзірлеу;

табиғи және техногендік апаттардың алдын алу мен жоюда іске қосылған басқару органдары мен күштердің арасындағы ақпараттың барлық түрлерімен алмасуды қамтамасыз ететін, сондай-ақ АҚ іс-шараларын басқару үшін ТЖМЖ бірыңғай корпоративтік ақпараттық-коммуникациялық жүйесінің жобасын әзірлеу;

мемлекеттік органдардың байланысын қамтамасыз ету үшін "Толқын" байланыс схемасын жасау;

ақпарат берудің барлық құралдарын, оның ішінде электронды БАҚ-ты пайдалана отырып, халықты хабардар етудің бірыңғай интеграцияланған жүйесін құруды жобалық пысықтау;

ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою жөніндегі басқарушылық құжаттамалардың электронды құжат айналымының біріздендірілген жүйесін құру, ақпараттың резервтік банкі үшін техникалық мүмкіндіктерді кеңейту;

геоақпараттық технологияларды, ғарыштық мониторинг деректерін қабылдау, өңдеу және жедел пайдалану технологияларын пысықтау бойынша іс-шараларды

о р ы н д а у

ж о с п а р л а н у д а .

Екінші кезеңде (2010 - 2012 жылдар) мыналар орындалатын болады:

ТЖМЖ бірыңғай корпоративті ақпараттық-коммуникациялық жүйенің құрылысын
с а л у ;

халықты хабардар етудің бірыңғай интеграцияланған жүйесін құру;
геоақпараттық технологияларды, ғарыштық мониторинг деректерін қабылдау,
өңдеу және жедел пайдалану технологияларын енгізу;
қазіргі заманғы техникалық құралдармен жарақтандырылған
ақпараттық-коммуникациялық ортаны басқару үшін мамандандырылған ұйым құру;
елдің басқа да әлуетті құрылымдарымен үйлестірілген іс-қимылдарды жүзеге асыру
үшін ТЖМЖ бірыңғай кезекші диспетчерлік қызметін ұйымдастыру.

Үшінші кезеңде (2013 - 2015 жылдар) ТЖМЖ бірыңғай корпоративті
ақпараттық-коммуникациялық жүйесінің және халықты хабардар етудің бірыңғай
интеграцияланған жүйесінің толыққанды жұмыс істеуі жөніндегі іс-шаралар
аяқталатын болады.

5.14. ТЖ-нен алдын алу мен оларды жою саласындағы халықаралық ынтымақтастық және халықаралық қызмет

ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою, азаматтық қорғаныс саласындағы
халықаралық ынтымақтастықты кеңейту әртүрлі қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулерден
ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру мақсатында ТЖ-ға қарсы әрекет ететін ұлттық
жүйені халықаралық (мемлекетаралық) құрылымдарға біріктіру жолымен жүзеге асыру
б е л г і л е н д і .

Бірінші кезеңде (2007-2009 жылдарда) мыналар жүргізілетін болады:
шекара маңындағы мемлекеттермен болжанатын және туындаған ТЖ (бірінші
кезекте трансшекаралық сипаты бар ТЖ туралы) туралы тұрақты өзара жедел ақпарат
алмасу, ТЖ-ның жедел алдын алу мен оларды жою мәселелері бойынша шетелдің
ұлттық және халықаралық ұйымдарымен ұдайы өзара іс-қимыл жасау;
халықаралық ізгілік ынтымақтастықты жүзеге асырудың Қазақстандағы құқықтық,
ұйымдастырушылық және қаржы тетіктерін жетілдіру;

басқа елдермен бірлесіп ТЖ қатерін азайту және олардың ауқымын төмендету
жөніндегі халықаралық және мемлекетаралық жобалар мен бағдарламаларды іске
а с ы р у ;

ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою мемлекеттік жүйесінің мамандарын шетелде
даярлау, осы салада халықаралық ынтымақтастық процесінде тиімді өзара іс-қимыл
жасау үшін тиісті кадр әлеуетін қалыптастыру;

қауіпсіздік мәдениетін арттыру және қоғамның ТЖ-ға қарсы іс-әрекет жасауға
әзірлігін қамтамасыз ету мақсатында халықаралық тәжірибе мен білімдерді тарта

о т ы р ы п ,

х а л ы қ т ы

о қ ы т у ;

шетелде іс-қимыл жасау үшін ұлттық құтқару құрамаларын даярлау, ізгілік және құтқару операциялары бойынша бірлескен халықаралық оқу-жаттығуларын жүргізу.

Екінші кезеңде (2009-2012 жылдар) мыналар жүзеге асырылатын болады: ынтымақтас елдермен ТЖ-ны мониторингі мен оны болжаудың мемлекетаралық жүйесін, трансшекаралық ТЖ туралы өзара хабарлау және ерте хабардар ету жүйесін құру, табиғи және техногендік сипаттағы өңірлік және ғаламдық ТЖ-ның туындау қауіпіне бірлескен сараптама жүргізу;

ТЖ мен қақтығыстардан зардап шеккен шет елдерде Қазақстанның ізгілік айдауылын дайындау және ізгілік акцияларын кеңейту, Қазақстанның халқы үшін ізгілік көмегін тарту, әлемнің дамыған елдерінен техникалық көмек алу;

Қазақстанның авариялық-құтқару құрамаларының шетелдегі ТЖ-ны жоюға қ а т ы с у ы ;

ТЖ-ға қарсы іс-әрекет жасау үшін халықаралық аренада тиімді пайдаланылатын қазіргі заманғы нарық ресурстары мен қызметтерді зерделеу;

Орталық Азия елдері үшін, соның ішінде БҰҰ желісі бойынша халықаралық ұйымдармен бірлесіп, шетелдік ізгілік көмекті сақтаудың транзиттік базасын құру үшін ж а ғ д а й л а р ж а с а у ;

шет елдермен ғылыми-техникалық жетістіктер, әдістемелік және технологиялық құжаттамалар, кәсіби мерзімді басылымдар туралы тұрақты ақпаратпен алмасу;

бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын жүргізу.

Үшінші кезеңде (2012-2015 жылдар) мына мәселелерді шешу көзделеді:

ТЖ қатері мен ауқымы, сондай-ақ оларға ден қою туралы болжау және ерте хабарлаудың мемлекетаралық жүйесін жетілдіру;

Қазақстанда ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою мәселесі бойынша халықаралық о қ ы т у о р т а л ы қ т а р ы н а ш у ;

шетелде ізгілік және құтқару операцияларын ұйымдастыру мен қамтамасыз етудің ж е д е л ж ү й е с і н құ р у ;

Қазақстанның осы салада халықаралық қызметтер нарығына шығуымен ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою үшін пайдаланатын материалдардың, жабдықтар мен қызметтердің экспорты мен импорты үшін мүмкіндіктер қарастыру.

Қойылған міндеттерді іске асыру ТЖ-ның алдын алу мен олардың салдарын жоюдың ұлттық жүйесін жетілдіру мақсатында халықаралық қатынастардың тиімді жүйесін құруға мүмкіндік береді.

5.15. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

ТЖ мен АҚ саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-дан, осы заманғы зақымдау құралдарынан және террористік

актілердің салдарынан ел халқын, аумағын және объектілерін қорғау жүйесінің тиімділігін арттыруға, олардың алдын алу мен жою үшін күштер мен құралдарды дамытуға бағытталады.

ТЖ алдын алу мен оларды жою және АҚ саласындағы нормативтік құқықтық базаны одан әрі дамыту мақсатында мыналар жоспарланады:

ТЖ мен АҚ саласындағы бақылау және рұқсат беру функцияларына түгендеу жүргізу;

қазіргі заманғы техникалық және технологиялық талаптарды ескере отырып, ТЖ мен АҚ саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді қайта қарау;

өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актіні жетілдіру, тиісті техникалық регламенттер әзірлеу;

ТЖ саласындағы мониторинг жүйесінің нормативтік құқықтық базасын қалыптастыру;

ТЖ қауіпі мен оларды жою кезінде, сондай-ақ терроризмнің қауіпі мен оның көріністері кезінде халықты өзін-өзі ұстау ережелеріне үйретудің құқықтық базасын әзірлеу;

қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтірумен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жүйесін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ заңды және жеке тұлғаларды табиғи дүлей зілзалалардан ерікті сақтандыру жүйесін қалыптастыру;

заңнамалық нормаларды практикалық іске асыруды қамтамасыз ету және ТЖ-ны жоюға тартылатын құтқарушылар мен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау мен сақтандыру жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

мемматрезервте материалдық құндылықтарды сақтау, жаңарту, ауыстыру және босату мәселелерін құқықтық реттеу саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді қайта қарау;

ағымдағы үлестің материалдық-техникалық ресурстарының және оларды мемматрезервте ұзақ сақтауға, салуға арналған тиесілік нормаларының нормативтік құқықтық базасын әзірлеу;

Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті өңірлеріндегі қиратушы жер сілкіністерінің алдын алу және олардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларға нормативтік құқықтық қолдауды жүзеге асыру.

ТЖ-ның алдын алу мен оларды жою және АҚ саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі іс-шараларды іске асырудың соңғы сатысында осы саладағы заңнаманы кодификациялаудың орындылығын қарау қажет болады.

6. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері

2007-2015 жылдарға арналған Бағдарламаны іске асыру осы мақсаттар үшін жыл сайын бөлінетін қаражат және Қазақстан Республикасының заңнамамен тыйым салынбайтын басқа да көздері шегінде республикалық және жергілікті бюджеттердің

қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыруға мемлекеттік бюджеттен жұмсалатын жалпы шығындар бірінші кезең ішінде 21 852,70 млн.теңгені құрайды, оның ішінде:

Жылдар бойынша	Барлығы	Республикалық	Жергілікті
		б ю д ж е т	б ю д ж е т
2007 жылы	5 561,70	5 561,70	-
2008 жылы	7 593,40	7 593,40	-
2009 жылы	8 697,60	8 697,60	-

Қаржы қаражатының көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде жыл сайын нақтыланатын болады.

2010-2015 жылдарға арналған қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері Бағдарламаны іске асырудың II және III кезеңдеріне арналған орта мерзімді (үш жылдық) іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту кезінде айқындалатын болады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер мен көрсеткіштер

О с ы Б ағ д а р л а м а н ы і с к е а с ы р у :

Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөніндегі міндеттерді шешуге, жаңа қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулерден оның ұлттық мүдделерін қорғауға қол жеткізуге;

ТЖ мен АҚ саласында мемлекеттік басқару жүйесін болып өткен әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, жаңа қауіптер мен қыр көрсетулерге, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның қазіргі заманғы геосаяси жағдайына сәйкес келтіруге;

ТЖМЖ басқару органдарының, авариялық-құтқару күштері мен құралдарының мүмкіндіктері мен жедел әзірлігін және олардың ТЖ-ға шұғыл ден қою тиімділігін арттыруға, апаттық медицинаны нығайтуға;

халықты, объектілерді және аумақты авариялардан, апаттардан, дүлей зілзалалардан және әлемдік қоғамдастыққа жаңа қыр көрсетулерден қорғау жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыруға;

ТЖ мен АҚ үшін халықты хабардар ету, байланыс және ақпараттандыру жүйесін жетілдіруге;

ТЖ саласында мониторинг, болжау және ғылыми зерттеулер жүйесін құруға;

ТЖ мен АҚ саласындағы нормативтік құқықтық базаны дамытуға, бақылау және рұқсат беру функцияларын реттеуге;

мемматрезерв жүйесі жұмысының тиімділігін арттыруға;

халықты оқитудың, ТЖ мен АҚ саласында мамандар даярлау мен олардың біліктілігін арттырудың бірыңғай жүйесін қалыптастыруға;

авариялардың, апаттар мен дүлей зілзалалардың алдын алу мен оларды жою, азаматтық қорғаныс пен терроризмге қарсы күрес саласындағы халықаралық

ынтымақтастықты кеңейту мен нығайтуға;

ТЖ-дан күтілетін жыл сайынғы материалдық залалды 2%-ға, зардап шеккендер мен қаза тапқандардың санын 2%-ға төмендетуге, құтқарылғандардың санын 3 %-ға көбейтуге мүмкіндік береді.

Түпкі нәтижесінде Бағдарламаны іске асыру:

ТЖ-дан күтілетін материалдық шығынды 18-20%-ға, зардап шеккендер мен қайтыс болғандардың санын 15-17%-ға кемітуге, құтқарылғандардың санын 20-25% арттыруға;

ТЖ туралы хабардар ету жүйесінің республика халқының кемінде 95%-ын қамтуын қамтамасыз етуге ;

"Тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің негіздері" курсының бағдарламалары бойынша және "Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі" пәні бойынша оқыту жүйесінің жалпы білім беру мектептерінің, бастауыш және орта кәсіби білім беру ұйымдарының оқушылары мен ЖОО студенттерінің кемінде 90%-ын қамтуын қамтамасыз етуге;

су тасқынының, сырғыманың, селдің және қар көшкінінің туындауы бойынша қауіпті ошақтар мен учаскелердің кемінде 95 %-ын мониторинг жүйесінің қамтуын қамтамасыз етуге ;

3 мыңнан астам елді мекендерді өрттен қорғауды қамтамасыз ететін 523 өртке қарсы тірек пунктін құруға ;

елдің батыс өңірлеріндегі, бірінші кезекте Каспий өңіріндегі халықты және стратегиялық объектілерді кепілді қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.